



Сұхбат

3 “Біздің мақсат – заң үстемдігін арттыру”

Бизнес

5 №1 Әлемдегі ең бай адам кім?

Таным

6 Ел ағасы

Мирас

8 Атадан дарыған өнер

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ АЙТАРЛЫҚТАЙ АРТПАУЫ – ҮЛКЕН МӘСЕЛЕ»

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысын өткізді. Кеңейтілген отырысқа Премьер-Министр Аскар Мамин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Ерлан Қошанов, Үкімет мүшелері, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

Жиынды ашқан Қасым-Жомарт Тоқаев Сайлауалды бағдарлама мен Қазақстан халқына арналған Жолдауды жүзеге асыру барысында Үкімет пен Парламент бірлесіп үлкен жұмыс атқарғанын атап өтті. Маңызды бағдарламалар қабылданып, макроэкономикалық көрсеткіш бойынша жоспарланған нәтижеге қол жеткізілді. Мемлекет басшының пікірінше, Үкімет Президенттің тапсырмаларын орындауды қамтамасыз еткенімен, экономикалық дамудың сапасына қатысты әлі де шешілмеген мәселелер бар.

– 2019 жылдың 11 айында жалпы ішкі өнімдегі несие портфелінің көлемі 23 пайыздан 22 пайызға төмендеп кетті. Бұл экономиканы несиелендіруді тежейді. Өткен жылы біз Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде инфляция деңгейі бойынша «чемпион» болдық. Еңбек өнімділігінің айтарлықтай артпауы – үлкен мәселе. Бұл – проблема. Шикізат экспортының үлесі жәй өсуде, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ел алдына қойған мақсаты мен міндеттері өзгермейді. 2050 Стратегиясын, еліміздің 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, 100 нақты қадам – Ұлт жоспарын жан-жақты бағдарлама жүзеге асыру жалғаса береді. Дегенмен, Үкімет экономиканы түбегейлі реформалайтын жан-жақты бағдарлама дайындауы керек», – деп өз ұстанымын ашық айтты.

– Бізге негізгі проблемаларды нақты пайымдайтын және оның



шешу жолдарын қарастыратын жаңа экономикалық бағыт қажет. Реформа жасау үшін ерік пен жігер керек екені белгілі. Мен Үкіметті осыған шақырамын. Өзірге мемлекеттік аппарат көптеген нормативтік актілерге алаңдап, ведомстволық келісім керек деген сылтаумен маңызды шешімдерді жәй қабылдап жатыр. Халықаралық бәсекелестік артып, халық әділетті талап қойып отырған қазіргідей кезеңде бұлай жұмыс істеуге болмайды. Реформаларды тізеге басып отырып жасау керек, – деп мәлімдеді Президент.

Мемлекет басшысы кәсіпкерлерді қорғайтын және дамытатын, өткізу нарығына жол ашатын, өнімділікті ұлғайтып, қазақстандық өнімдердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыратын тиімді өнеркәсіп саясатын, сонымен қатар, ашық әрі прагматикалық салықтық-бюджеттік саясат қалыптастыру керектігіне назар аударды.

Қазақстан Президенті фискальды саясат та жаңғыртуды қажет етеді деп санайды. Оның негізгі міндеті – бюджетке қаржының тұрақты түсуін қамтамасыз ету, ұлттық кірісті әділетті бөлу, экономикалық өсімнің сапасы

мен құрылымын жақсарту. Микро және шағын бизнесті салықтан босату оның дамуына тың серпін беретінін көрсетті. Бірақ жаппай салықтан босату айтарлықтай теріс әсер беруі мүмкін.

– Еркін экономикалық аймақ бойынша ғана шартты шығынымыз 2 триллион теңгеге жуық. 13 еркін экономикалық аймақтың құрылымына бюджеттен қосымша 340 миллиард теңге бөлінді. Осы аралықта еркін экономикалық аймақтан 170 миллиард теңге ғана салық жиналды. Бар-жоғы 18 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Еркін экономикалық аймақтың барлығында сапалы толықтыру проблемасы бар, яғни, басқарылуы дұрыс емес. Үкіметке ұсынылатын салықтық преференциялардың барлық спектрін тиімділігі мен максаттылығына талдау жасауды тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің тапсырмасы бойынша имидждік шараларға бөлінетін қаржы қысқартылды. Осының арқасында 30 миллиард теңге оңтайландырылды. Дәл осындай тиімсіз шығындарды анықтау шаралары квазимемлекеттік секторында да жүргізіледі.

– Үкіметке осы жылдың 1 мамыры-

на дейін жұмыс нәтижелерін баяндауды тапсырамын. Маңыздылығына сәйкес кейінге қалдыруға болатын шығындарды анықтауы қажет. Соның бастамасы ретінде қымбат көліктер мен жиназдарды сатып алуға, түрлі форумдар, семинарлар мен конференциялар өткізуге ұзақ мерзімді мораторий жариялауды ұсынамын. Елімізде өтетін шаралар практикалық және идеологиялық тұрғыдан нақты пайдалы болуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ішкі нарықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Үкіметке 2025 жылға дейінгі Сауда саясатының бағдарламасын әзірлеуді, Сертификаттаудың ұлттық жүйесін дамытуды, Ұлттық стандарттарға сенімді арттыруды, сондай-ақ «Техникалық реттеу туралы» Заң қабылдауды тапсырды.

Мемлекет басшысының пікірінше, жобаларды еселеп қымбаттату үрдісі жалғасуда, құрылыс құнының сметасын жасауда проблема бар.

– Мемлекеттік органдардағы сатып алулардың 49 пайызына дейін және квазимемлекеттік сектордағы сатып алулардың 70-тен 90 пайызына дейін бір көзден жүзеге асырылады.

Сатып алу барысында ерекше жағдай деп белгілеп, оны ең төменгі шекке дейін жеткізіп, бәсекенің болмауына негізделген тәсілдерді қысқарту керек. Мысалы, 8 өңірде жеткілікті түрде жеке тасымалдаушылары бар муниципалды автопарктер құрылған. Үкімет қалалық жолаушылар тасымалы саласында тәртіп орнатуға міндетті. Бұл – маңызды әлеуметтік мәселе. Орындауға екі ай уақыт беремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің агроөндіріс кешеніндегі ахуалға да көңілі толмады. Соңғы 5 жылда аталған салаға 2,4 триллион теңгеден астам қаржы бөлінгеніне қарамастан, жалпы ішкі өнімдегі ауыл шаруашылығының үлесі 4,5 пайыздан аспайды. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің экспорт әлеуетін көтере алмағанымызды, сондықтан азық-түлікпен толық қамтамасыз ету мәселесі шешілмей отырғанын атап өтті. Оның пікірінше, министрлік елімізде шикізат өңдеу үшін барлық жағдайды жасауы тиіс. Қайта өңдеу ісі мен экспорт тиімді болуы қажет.

– Бізде Агроөндіріс кешенін дамытудың бесжылдық бағдарламасы бар. Онда аталған саланың мақсаты мен міндеті, нақты өндірістік және экономикалық көрсеткіштері жазылған. Демек, Үкіметтің жоспарлары мен негізгі басымдықтары айқын. Сонымен қатар қолдау шаралары, яғни, субсидия беру тәсілі жыл сайын өзгереді. Соңғы 5 жыл ішінде бөлінген қаржы 2 триллион теңгеге жетті. Бұл ретте субсидиялар 47 рет өзгерді. Үкіметке мемлекеттік қолдау шараларының тұрақтылығын, олардың тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуді тапсырған болатынымын. Бұл тапсырма әзірге орындалмады. Нақты шешімдер мен ұсыныстар күтемін, – деді Мемлекет басшысы.

2019 жылы әлеуметтік қолдау мақсатындағы шығын 3,5 триллион теңге болды. Бұл жалпы бюджеттің 30 пайызы. Әлеуметтік қорғау шаралары шамамен 4 миллион адамды қамтыды. «Бақытты отбасы» және «7-20-25» бағдарламалары бойынша 20 мыңға жуық қазақстандық отбасы займ алды. Президенттің пікірінше, алдағы уақытта тұрғын үй салу мәселесі Үкімет жұмысының басым бағыты болуы тиіс.

2-бет.

■ САРАП

«ТІРІ ЭКСПОРТҚА» ТЫЙЫМ біз осы кімнің мүддесін көздейміз?

Ауыл шаруашылығы министрлігі малды тірілей экспорттауға тыйым салғалы атакәсіптің айналасында жүргендердің пікірі екіге жарылды. Бірі қуаттаса, келесі қарсы. Алайда, бұл еліміздегі мал бордақылау алаңдары мен ет комбинаттары егелерінің тілегінен туған шешім екенін ескерген жөн.

Назәрке САНИЯЗОВА.

Уақытша тоқтам ірілі-уақты малдың аналығына қатысты болып отыр. 156 мың бас сиырды айтапанның өзінде, өткен жылы 264 мың қой шет ел асыпты. Оның 200 мыңы – Өзбекстанға, 21 мыңы – Ресейге, 12 мыңы – Иранға, 8 мыңы – Әзербайжанға. Ауылы аралас, жайлауы жапсарлас ала тақиялы ағайын малды сатып алған соң сойып, етін өңдеп, өзімізге, өзгелерге қымбатқа сататын көрінеді. Министрліктің мораторий жариялауының бір себебі – осы. Статистикаға сүйенсек, сыртқа жөнелтілген ірі қараның 147 мыңы – бұқа да, 8830-ы – аналық сиыр.

Алайда, отандық сарапшылар бұған күмәнмен қарайды. «Ветеринарлық ұйымдардың деңгейіне байланысты қағаз жүзінде баспақты бұқаға айналдыру экспортшылар үшін еш қиын емес» деп есептейді олар. Аналық басты елден шығаруға қарсылық быттыр жазда басталған еді. Шекарадағы тексерістен кейін ғана министрлік «тірі экспортқа» тыйым салды.

Енді «еліміздегі мал бордақылайтын орындар түлігін неге сыртқа, оның ішінде Өзбекстанға өткізуге құмар?» деген сұрақ туындайды. Өйткені көршілеріміз мал

шаруашылығын жандандыруға ден қойып отыр. Арнайы бағдарлама бойынша фермерлерге қой-сиыр сатып алу үшін арзан несие беріледі. Осыдан келіп олар Қазақстаннан семіз малды келісіне 800-ден 950 теңгеге дейін төлеп, сатып алады. Отандық ет комбинаттарының ұсынатын бағасы одан 100 теңгеге арзан. Ал кім көп төлесе, шаруалардың қолындағысын соған беретіні – нарықтың бұлжымас заңы.

– Мораторий ет және ет өнімі бағасының қымбаттауына, ет өңдеуші кәсіпорындар мен мал бордақылау алаңдары жүктемесінің төмендеуіне байланысты жарияланды. Быттыр кәсіпорындар қуатын толық пайдалана алған жоқ. Оған шикізат тапшылығы себеп. Ал шикізат шет елге кетіп жатыр, – дейді министрліктің департамент директоры Еркебұлан Ахметов.



2-бет.

«ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ АЙТАРЛЫҚТАЙ АРТПАУЫ – ҮЛКЕН МӘСЕЛЕ»



– Зейнетақы аударымындағы қаржының бір бөлігін тұрғын үй алуға және басқа да қажеттіліктерге пайдалану жайына келер болсақ, бұл маңызды мәселені шешудің алғашқы қадамы жасалды. Біздің мақсатымыз – барлық жиналған қаражатты қазір бөліп беріп, адамдарды қартайғанда лайықты зейнетақысыз қалдырмау. Еңбеккерлердің жұмыс берушілерден зейнетақы жарналарын төлеуін

1-бет.

талап етуі үшін ынталандыру тетіктерін ойластырып, еңбек-ақы төлеуде ашықтық қалыптастыру қажет. Үкімет пен Ұлттық банк бұл реформаны жүзеге асыруды бастайды. Осындай мүмкіндік берілетін азаматтардың қатарын біртіндеп көбейте беру керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Үкіметті әлеуметтік және экономикалық қатерлерге жол бермеу үшін өз бастамаларын мұқият әзірлеуге шақырды. Оның айтуынша, мемлекеттік

органдардың шешімдері азаматтар тарапынан жиі сыналады, кей жағдайларда, тіпті, халықтың ашу-ызасын тудырады. Бүгінде Қазақстанға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерден 2020 жылдың 1 ақпанына дейін әкелінген автомобильдерді бір айдың ішінде бір реттік тәртіппен уақытша тіркеуді қамтамасыз етуі қажет.

Бұл автокөліктерді тіркеу 2021 жылдың 1 наурызына дейін жалғасады. Бұл ретте азаматтар тіркеу алымдары мен мемлекеттік баж салығын

төлеуі тиіс. Уақытша тіркеу автомобильдердің меншік құқығынан шығарылмай, басқа тұлғаның пайдалануына немесе басқаруына берілмей жүзеге асырылуы тиіс. Автокөлік иелері 2021 жылдың 1 наурызына дейін кедендік баж салығын және автомобильді тұрақты тіркеуге қою немесе елімізден шығару, сондай-ақ, заңнама жүзінде тыйым салынбаған басқа да іс-қимылдарды жүзеге асыру кезінде салынатын утилизация

алымын төлеуі тиіс, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Үкіметке бұдан былай ел заңнамасын бұза отырып шетелден автокөліктердің әкелінуіне, пайдаланылуына шектеу қоюды тапсырды.

Президент сөзінің соңында бүгін ешкімге сөгіс немесе ескерту жарияламағанын, Үкімет мүшелері мен әкімдерге жіберген кемшіліктерін көктемге дейін түзетуге мүмкіндік беретінін атап айтты.



ҚОРЫҚ–МУЗЕЙ ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР ӘКЕЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы дүйім қазақты рухани тұрғыда бір көтеріп тастағаны анық. Даналықтың символы, руханияттың бағдаршамы – Абайды тану – әр қазақтың міндеті. Ойын тура әрі батырып айтқан ойшылдың бір сөзі жанды қинап жатса, екінші сөзі өкінідіріп-ашындырып жататыны жасырын емес.

Адам бойындағы осынау алапат сезімдерді оятатын Абай ілімі – теориялық тұжырымдама ғана емес, адам болып өмір сүрудің әдіс-тәсілі. Мақалада Президент Абай шығармаларының қазіргі уақытпен үндестігін, ақпараттық заманның өзінде өзектілігін ашып көрсетті. Көрсете отырып, ұлы ақын еңбектерін түсініп-тұшынып оқуға шақырды.

Ел Президенті өз мақаласында Абайдың 175 жылдық мерейтойы халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде аталып өтетіндігін айтты. Облыстық тарихи-өлкетану музейі де рухани-мәдени орда ретінде ұлы ақынның дүбірлі мерейтойына атсалысу және жоғары деңгейде атап өту мақсатында түрлі шаралар ұйымдастыруды қолға алып отыр.

Семей қаласындағы Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік қорық-музейі қорында сақталған құнды экспонаттардан «Абай – дана, Абай – дара қазақ» атты көшпелі көрме 17-20 ақпан күндері Сыр жұртшылығы назарына ұсынылатын болады. Облыстық музейдің аудандық филиалдары да ұлы ақынның мерейтойына өз үлестерін қосуда. Арал қалалық тарихи музейі «Абайды оқы, таңира!» атты әдебиет-танымдық кеш өткізсе, Ғ.Мұратбаев мемориалдық музейі «Өлең – сөздің патшасы» атты жыр мүшайрасын ұйымдастырмақ. Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейінде «Ұлы ақын – Абай», Жалағаш аудандық

тарихи-өлкетану музейінде «Абай Құнанбайұлының шығармашылығы мен әдеби мұрасы», Н.Бекежанов мемориалдық өнер музейінде «Абай – ұлт биігі» тақырыбында көрмелер ұйымдастырылады. Ал, Сырдария, Жанақорған және Шиелі аудандық тарихи-өлкетану музейлерінде ұлы ақынның өлеңдерін насихаттау мақсатында «Қазақтың бас ақыны – Абай» тақырыбында Абай оқулары өткізіледі. Облыстық музей Абай мұрасын насихаттау жолына бет бұрып, біліми-ағартушылық жұмыстарды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Меніңше, ұлттық ұйыстыруға негіз, қазақ халқының қуат алатын сарқылмас азғына айналған Абай философиясы – мемлекеттік саясаттың да алтын дінгегі, арқасүйер қорғаны секілді. Өйткені Абай шығармалары арқылы барша қазақ, қазақ қана емес-ау, басқа ұлт өкілдері де рухани шөлін қандырады. Ел бірлігінен асқан береке, ел тұтастығынан асқан бақыт жоқ десек, Абай мұрасы – осы бір қасиетті ұғымдары жетелейтін баспалдақ. ХХІ ғасырдағы жас өрен Абай мұрасы – арқылы өткенімен сырласады, сырласа отырып, болашағына дұрыс қадам жасайды. Абайдай ғұламаның шығармалары 10 тілге аударылатындығы да көңілді қуантып тастады. Бұл – шет мемлекеттердің қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы – Абайдың мұрасына деген қызығушылығын, сұранысын аңғартады.

Мемлекет басшысы аталған мақаласы арқылы Абай шығармашылығына ел назарын аударуды және рухани ақсап жатқан тұстарын биік тұлғаның туындылары арқылы емдеуді көздеді. Абайды әр адам өзіне оқып, өзіне қабылдайды. Ілімі ұшан-теңіз Абайдай дананың қай заманда болмасын, өзінің сырласы мен мұңдасы табылатыны анық. Өйткені оның шығармалары өміршен.

Бахыткүл БЕКМАМБЕТ,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры.

■ МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ САЯСАТ

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ 7,9 МЛРД ТЕНГЕСІ ҮНЕМДЕЛДІ

Халықтың тұрмыс деңгейін қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін коммуналдық қызмет бағаларын реттеудің маңызы ерекше.

Бұл орайда ҚР Табиғи монополияларды реттеу комитеті облыс бойынша департаментіне жүктелетін міндет маңызды. Департамент басшысы Гүлмира Өтегенова өткен кезеңнің бірнеше түйінді мәселесіне тоқталды.

– Есепті кезеңде табиғи монополия субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді бекіту туралы 23 өтінім ұсынды. Оның ішінде 16 өтінім бойынша ұсынылған құжаттардың қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты қабылданбады. 6 өтінім бойынша тарифтер мен тарифтік сметалар бекітілді, – деді бізбен әңгіме-сінде департамент басшысы.

– Табиғи монополиялар субъектілерінің өтінімдерін қарау бойынша тұтынушы-

лардың үнемделген сомасы 2019 жыл бойынша 7,9 млрд теңгені құрады.

Сондай-ақ, осы жылдың 1 наурызынан бастап 3 электрмен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясының шекті бағасы 0,3-тен 0,8 процентке дейін дәлелді қорытындымен төмендетілді, ал жалпы алғанда, жыл ішінде 1-ден 1,3 процентке дейін төмендеді.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау аясында департамент жыл сайын жылудың жабдықтау қызметтері құнына сыртқы ауаның нақты температурасы ескеріле оты-

рып қайта есептеу жүргізді. Осылайша, өткен жылу кезеңі қорытындысы бойынша тұтынушыларға 80,9 млн теңге қаржы қайтарылды.

Департамент заңнаманың сақталуын бақылау және тұтынушылардың құқық бұзылуына жол бермеу аясында 2019 жылы 53 жоспардан тыс тексеру жүргізіп, 47 табиғи монополиялар туралы заңнама бұзушылық фактілері анықталды.

Анықталған заң бұзушылықтардың алдын алу және жою мақсатында 71 нұсқама мен 52 қаулы шығарылып, 67,1 млн теңге айыппұл салынды.

2019 жылы қоғамды ақпараттандыру мен департамент қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында тарифтерді бекітуге өтінімдерді қарау кезінде 6 жария тыңдау, табиғи монополия субъектілері инвестиция-

лық міндеттемелерін орындау жөнінде 7 баспасөз тұрып, табиғи монополия субъектілері мен «Nur Otan» партиясы және «Атамекен» ҰКП өкілдерінің қатысуымен тұтынушылар үшін 13 қоғамдық қабылдау өткізді. Сонымен қатар 27 брифинг, семинар мен жиналыстар ұйымдастырылды.

Бұл жерде, 2020 жылдың қаңтарынан бастап тұрғындар үшін жылу, сумен жабдықтау және көріз суды бұру қызметтеріне тарифтер өзгеріссіз, қолданыстағы деңгейде қалатынын айта кету керек.

Департамент табиғи монополиялар субъектілері мен қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері тарифтерінің негізсіз өсуіне жол бермеу жұмыстарын жалғастыратын болады.

Ж.ӘЛМАХАН.

«ТІРІ ЭКСПОРТҚА» ТЫЙЫМ БІЗ ОСЫ КІМНІҢ МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙМІЗ?

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы шаруаларды өзбектер сияқты өзіміз де ынталандыра алатынымызды алға тартып отыр.

– Еліміздегі ет өңдеуші 15 кәсіпорын 45 процентке ғана жұмыс істеп тұрғанда біз Өзбекстанның шикізат көзіне айналып отырмыз. Мал өсіруге арналған субсидияларды сол үшін бердік пе? Өзбекстан содан шұжық, ет консервісі тәрізді дайын өнім әзірлеп, өзімізге сатып жатыр, – дейді палатаның басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов.

Мораторий бұрынғы Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков басқаратын Қазақстан ет одағының сынына ілікті. Себебі бұл әлемдік тәжірибеде көп кездеседі.

– Австралия жылына 1 миллионнан астам ірі қараны, қойдың өзін бірнеше миллиондап экспорттайды. Сонда да ел үкіметі мен фермерлері «Индонезия немесе Қытайдың шикізатына айналып» бара жатырмыз демейді. Керісінше, жануарларды тірі күйінде экспорттау – халықаралық тәжірибеде үлкен дәреже. Малды кез келген елден сатып алмайды. Мысалы, Қытай Моңғолияның малын сойғызып, шикі етті ыстық суға салдырып, вирустық микробтарды өлтіріп барып қабылдайды. Қой-сырымызға сырттан сұраныстың болуы

1-бет.

Қазақстанның ветеринария саласына сенімін көрсетеді, – дейді А.Мамытбеков.

Одақ төрағасы осы орайда еліміздің Өзбекстанның шикізат базасына айналып бара жатқаны туралы уәзпен келіспейді.

– Қазақстан Өзбекстаннан қайта өңделген ет өнімін алып отырған жоқ. Шұжық та, консерві де сатып алмайды. «Малды тірі күйінде сатып, оны дайын өнім ретінде қайта алып жатырмыз» деген сөз нақты жағдайға сәйкес келмейді, – дейді ол.

Аусулы ауруы бойынша буферлік аймақтан шыққан соң Қызылорда облысы да Иран, Біріккен Араб Әмірлігі, Монғолия, Ресей және Өзбекстанға тірілей қозы, ірі қара экспорттай бастады. Былтыр өзбек еліне – 295, Иранға 56 бас мал жөнелткен Қаза-лыдағы «Сыр маржаны» серіктестігінің директоры Мінаждин Өтеев төлдейтін мал экспорттына тыйымды қуаттайды.

– Бұған дейін жеке шаруалар, шағын шаруашылықтар сыртқа аналық, жас қой-сыырларды өткізген болуы әбден мүмкін. Ендігі жерде іріктеу қатан түрде жүргізілуі тиіс, – дейді ол.

Серіктестік тарапынан бүгінде Қызылорда қаласында экспортқа бағытталған, жылдық қуаттылығы 5 мың тонна болатын ет өңдеу комбинаты салынып жатыр. М.Өтеев комбинат жыл соңына қарай

іске қосылып, онда шұжық, консервідегі ет өнімі шығарылатынын айтып отыр. Аталған нысан ет өнімінің экспорт көлемін ұлғайтуға серпін бермек.

Мемлекет қолдауының арқасында өңірдегі мал басы өткен ғасырдағы ең жоғары көрсеткіш тіркелген 1993 жылдағыдан асты. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Арыстан Омаровтың сөзіне сүйенсек, 2018 жылмен салыстырғанда былтыр мүйізді ірі қара – 2,6, аналық сиыр – 8,4, қой мен ешкі – 2, түйе – 4,7, жылқы саны 8,7 процентке артты.

– Төрт түлікті шет елдерге тірілей сату республика көлемінде мал басының көмуіне, ет құнының шарықтауына әкеп соққаны жасырын емес. Сондықтан уақытша болса да бұған шектеу қойылғаны дұрыс, – дейді ол.

Ет-сүтпен өзімізді жарылқай алмай отырғанда шикізатты өзгеге өткізудің қиынға келмейтінін өңірлік кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Пірмұхамед Сыздықов та растайды.

– Бізде малды өсіртіп, етін өткізудің қиындығы өз алдына. Өйткені жем-шөп өте қымбат. Оны әзірлейтін монополист шаруашылықтар бірауыздан бағаны көтере салады. Ал бұл қарапайым шаруаның қалтасына кәдімгідей салмақ түсіреді, – дейді ол.

Қазақ ветеринарлық ғы-

лыми-зерттеу институты Қызылорда ғылыми-зерттеу ветеринария стансасының филиал меңгерушісі, ветеринария ғылымдарының кандидаты Дәулет Ибрагимов шет елдерге қазақ даласының құнарлы су-шөбімен қоректенген қой-сыырдың өзін емес, етін өткізген әлдеқайда тиімді деп есептейді.

– Тірілей мал экспорттау жекелеген мал егелері үшін ғана тиімді шығар. Бірақ біз алдымен жергілікті өніммен өз қажеттілігімізді қамтамасыз етуіміз керек, – дейді ғалым.

Қазақстанда мал басын көбейтудің ұлттық бағдарламасы қабылданғаны белгілі. Ол бойынша 2018-2027 жылдар аралығында ірі қара санын қазіргі 7 миллионнан 15 миллионға, қой санын 18 миллионнан 30 миллионға жеткізу көзделген. Сәйкесінше, ірілі-уақты мал етінің жылдық өндіріс көлемін қазіргі 600 мың тоннадан 1,1 миллион тоннаға артуы тиіс. «Сыбаға» бағдарламасы аясында қымбат бағалы асылтұқымды малды Қазақстанға тасымалдаудың бір себебі – осы. Сөйте тұрып, сыртқа қайтанды мал өткізудің қандай мәні бар деген ойға қаласын.

Министрлік жариялаған мораторий – уақытша шара. Бұл саланың даму динамикасына кері әсер етуді жайттарды талдап-таразылап, нормативті құжаттарды тағы бір пысықтау үшін қолға алынып отыр.

■ СҰРАНЫСТЫ СҰХБАТ

«БІЗДІҢ МАҚСАТ – ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН АРТТЫРУ»

Қызылордалықтардың құқықтарын, мемлекет мүддесін қорғау жолында облыстық прокуратура өткен жылы бірқатар нәтижелі жұмыс атқарды. Оның ішінде алимент пен әкімшілік айыппұл өндіру, қылмыстың алдын алу бағытындағы бастама оң нәтиже берді. Жыл бойғы шаралар қорытындысы, қадағалаушы органның алдағы жоспары, заңнамалардағы өзгерістер жөнінде облыс прокуроры Нұрлан Бижановпен болған сұхбатта кеңінен қамтылды.

– Соңғы кезде өңірде кара жолда болатын қайғылы жағдай көбейді. Өткен желтоқсандағы жұртты шұлатқан жол апаттарынан қаншама адамның өмірі қиылғанын, денсаулығына зақым келгенін білесіз. Осы сияқты оқиғалардың қайталанбауы үшін не атқарылып жатыр?

– Қызылорда жолдарының сапасы басқа қалалармен салыстырғанда жақсы. Асығып жүретіндей қала үлкен емес. Негізгі мәселе – жол жүру мәдениетінің төмен екенінде. Мұны сырттан келген адам бірден байқайды. Көлік рүлін тізгіндегендер желмен жарысқандай жүйткіді. Бірақ кісіге кесірі тиетінін ойлай бермейді. Адамның ішкі мәдениетін көтермей, айналасындағыларға құрметін арттырмай мәселенің шешімі болмайды. Қай-қайсымыз да ең әуелі заңға бағынуымыз керек. Заң үстемдік құрған кезде ғана қоғамда тәртіп орнап, азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін алаңдамас едік.

Облыстық прокуратура былтыр 6 айдағы жол-көлік оқиғасы жөніндегі қылмыстық істер көрсеткішіне, полиция органдары атқарған профилактикалық шаралардың тиімділігіне талдау жасаған еді. Ол тамыз айында өткен үйлестіру кеңесінің кезекті отырысында талқыланып, полиция мен жергілікті атқарушы органдарға тиісті тапсырма берілді. Жасөспірімдердің қатысу бар өкінішті жағдайлардың жиілеуіне байланысты тәртіп сақшылары барлық мектеп орналасқан көшелердегі көлік қозғалысын үш мезгіл бақылауға алды. Жергілікті телеарналарда облыстық полиция органдары мен денсаулық сақтау басқармасы бірлесіп әзірлеген жолда жүру мәдениетін қалыптастыру туралы бейнежазбалар көрсетілді. Аймақ басшылығына Қызылорда қаласында «Сергею» қалалық полиция орнату жөнінде ұсыныс берді. Өйткені ол өзінің тиімділігін дәлелдеп үлгерді. Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларындағы аппараттық бағдарламалық жүйенің арқасында қайғылы оқиғалар біршама азайған. Мұндай кешен жақын уақытта Түркістан, Атырау қалаларында іске қосылады.

Жол-көлік оқиғаларының азаймауына қадағалау жүйесінің әлсіздігі де себеп. Мысалы, қоғамдық резонанс тудырған өткен айдағы жол апаттары кезінде бірнеше адам көз жұмды. Ол жөніндегі қылмыстық істерді облыстық полиция департаментінің тергеу басқармасы өндіріске алып, арнайы прокурорлар айқындады. Бұл істер – біздің басты назарымызда.

– Қылмысты болдырмау, оның себептерін анықтау мақсатында былтыр басталған профилактикалық шаралар қаншалықты нәтиже берді?

– Біз қылмысқа бейім – бұрын сотталған, маскүнем, нашакор, отбасының шырың жні бұзатын 3 мыңға жуық адамның тізімін жасадық. Оларды тәуекел дәрежесіне қарай қызыл, сары, жасыл деп 3 санатқа бөліп, уәкілетті орган өкілдерінен құрылған арнайы топтармен күнделікті жұмыс жүргіздік. Тәртібі мен тұрмыс-тіршілігінің түзелуіне қарай санаттары өзгеріп, тізім үнемі жаңғыртылып отырады.

Өңірдегі қылмыстылық мәселесіне қатысты ұсыныстарымызды облыс әкімі қолдады. Оның ішінде мал ұрлығы, алаяқтық қылмыстары, жергілікті полиция қызметінің Қызылорда қаласындағы патрульдік бағыттары жан-жақты талқыланып, уәкілетті органдарға тапсырма жүктелді. Құқықбұзушылықтар профилактикасының жаңа кешенді жоспары бекітілді. Осындай жұмыс нәтижесінде 2019 жыл қорытындысымен қылмыстылық деңгейі 19 процентке немесе 8129-дан 6563-ке кеміді.

– Профилактикалық шаралардың жүргізілуінің кемі жоқ. Соған қарамастан қарапайым халықтың қалтасын



қағатын алаяқтар айылын жимай отырағанға ұқсайды...

– «Оңай жолмен қомақты табысқа кенелесіз» деген жылы сөзге көпшілік әлі күнге сенеді. Біздің кемшілігіміз де – осы. Алаяқтың арбауына түспей тұрып, оны зерттейміз. Өйтпесе, әлгі жылы сөздің расөтірігін құзырлы мемлекеттік органдардан анықтап алуға болады. Ескеретін нәрсе, үйі, жер кезегін шешіп беремін, төмен процентпен несие әперем» дегендей ұсыныстарға мүлдем сенбеу керек. Бұл бағыттағы жұмыс елімізде бірыңғай есептік жүйе бойынша жүргізіледі. Заңбұзушылық байқалса, нақты дәлел табылса, құзырлы органдарға шағымдануға болады.

Бір ғана мысал, қызылордалық азаматша қаржылық (инвестициялық) пирамида құрып, 534 миллион теңге пайдала тапқан. Бар-жоғы 2 айда оңай олжадан дәмелі 350-ге жуық адамға кесірі тиген. Көп ұзамай ол құрықталды. Көмелте жасына толмаған 6 баласының болуына, шынайы өкінуіне байланысты сот айыпталушының бас бостандығын 1,5 жылға шектеді. Бірақ ол бұдан нәтиже шығармай, қайтадан ескі әніне басқан. Қалалық полиция басқармасы қарай қайталанған қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттерін жүргізіп жатыр.

Күмәнданып тұрса да әдемі сөзге сеніп қалатындар аз емес. Біз алаяқтықтың зардабы, салдары туралы жергілікті тұрғындарға түсіндіру ісін жолға қойдық. Сәйкесінше, өткен жылы осы санаттағы қылмыс деңгейі 4 процентке төмендеді. Мұндай келеңсіздікке көбіне жұмыссыздар баратыны анықталып отыр. Сол себепті жергілікті атқарушы органдар азаматтарды жұмыспен қамту мәселесіне барынша көңіл бөлуі қажет.

– Ауылдағы ағайынды қорадағы маңдай термен баққан малынан айыратындарға қатысты жаза қатайды. Бұл ұрыларды тоқтата алар ма екен?

– Далада жайылып жүрген малға бақылау болмаса, ұрлықты тоқтату мүмкін емес. Оның үстіне, осыған дейін ұсталған күдіктілерді сотқа дейін жеткізіп, жазалау мүмкін болмады. Өйткені қай-қайсысы да мал егесімен келісіп, шығынын өтеп, кешірімін алған. Ал жазадан құтылған адамның қайталап қылмыс жасамайтынына кепілдік жоқ. Бұдан былай ешкім сытылып кете алмайды. Заң өзгерді. Қылмыстық кодекстің талабына сәйкес бірнеше рет ұрлық жасағанға, үй-жайға заңсыз кіргенге 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Сонымен қатар, жәбірленушімен татуласуға жол берілмейді.

Жазаның күшейгеніне қарамастан, жайылымдағы малға бақылау жұмысын ұйымдастыру жалғасады. Былтыр маусымда облыс әкімдігі жанында ведомствоаралық жедел мәжіліс өтіп, барлық қала, аудан, кент, ауылдық округ әкімдеріне пада ұйымдастыру тапсырылды. Сөйтіп, Жаңақорғанда 1 қазаннан бастап жұмыспен қамту арқылы 12 ауылға 24 палашы белгіленді. Олардың жалақысы үшін 4,8 миллион теңге қаралды. Бұл бағыттағы жұмыс

басқа аудандарда да атқарылып жатыр.

2019 жылы 3,5 мыңнан астам ұрлық тіркелсе, соның 405-і немесе 11 проценті – мал ұрлығы. Бұл 2018 жылмен (468) салыстырғанда 13 процентке төмен. Мал ұрлығы жалпы облыс көлемінде азайғанымен, Аралда – 3 процентке (38-

ден 39-ға), Қармақшыда – 9 процентке (44-тен 48-ге), Жаңақорғанда 36 процентке (45-тен 61-ге) көбейген.

– Енді әлеуметтік-экономикалық бағыттағы жұмысқа ойыссақ...

– Заңдардың орындалуы, азаматтардың құқықтарының қорғалуы бойынша былтыр бірнеше мәрте тексеру жүргізіліп, мыңнан астам тұлға түрлі жауапкершілікке тартылды. Қадағалау шараларының нәтижесінде 5 мыңнан астам адамның, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі 2 мыңға жуық баланың құқығы қорғалды. Жыл басынан бері 136 миллион теңге жалақы қарызы өндірілді. Әлі 140 жұмысшының 15 миллион теңгедей алашағы бар. Шетелдік жұмыс күшін тарту үшін заңсыз рұқсат алып, жұмысшылардың тиісті проценттік шарттарын сақтамаған «Чайна Триумф Интернэшнл Инжиниринг» компаниясының рұқсаты кері қайтарылып, онда заңсыз жүрген 120 қытайлық ел аумағынан шығарылды.

Атқарылған жұмыс нәтижесінде аймақта 1074 жер телімінің игерілмегені анықталды. Оның 400-і – кәсіпкерлік, қалғаны – ауыл шаруашылығы мақсатындағы. 17 мың гектарды құрайтын, құны 2 миллиард теңгеге жуықтайтын игерілмеген 84 жер учаскесі мемлекетке кері қайтарылып, аумағы 242 мың гектар болатын, құны 1 миллиард теңгеден асатын 643 жер учаскесі игеріле бастады.

Прокуратураның бастама-сымен облыс әкімінің өкіміне сәйкес Арал теңізіндегі заңсыз аңшылық пен балық аулауға қарсы профилактикалық жұмысшы тобы құрылды. Арнайы топтар жұмыс істеп, балық өнімін заңсыз аулаудың 4 дерегі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалы басталды. 116 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 4 тонна балық тәркіленіп, 80 балықшының құжаттары сәйкестендірілді. Кесесуіңді заңсыз кесудің 4 жағдайы анықталып, бұл тергеп-тексеру амалын жүргізуге негіз болды.

Мүмкіндігі шектеулі жан-дар мен көші-қон мәселесі облыстық прокуратураның алқа мәжілісінде, жер мәселесі облыс әкімдігіндегі ведомствоаралық мәжілісте қаралып, уәкілетті органдарға тиісті тапсырма берілді.

– Сот актілерінің орындалуы, оның ішінде алимент өндіру жайы тұрғындарды жиі толғандырады. Осы бойынша қандай жұмыс атқарылды?

– Сот актілерінің орындалуына байланысты былтыр біз жергілікті полициямен, сот орындаушылармен бірге үй-үйді аралап, туған ұл-қызының нәпакасын төлемей жүргендердің тізімін әзірледік. Олардың жұмысы, табысы бар-жоғын анықтадық. Жылжитын, жылжымайтын мүлкіне дейін есепке алдық. Бірінші кезекте азаматтардың жұмысқа орналасуына, сол арқылы алимент төлеуіне ықпал жасадық. Көбі екі қолға бір күрек тауып, еңбек етуді бастады. Сәйкесінше, тапқан жалақысынан алименті шегерілді. Кейбір жағдайларда көліктерін немесе басқа мүлкін тәркілеп, саудаға шығаруға тура келді. Одан түскен қаражат балаларының есебіне ау-

дарылды. Сөйтіп, алимент бойынша 576 миллион теңге қарыздың 407 миллионы немесе 70 проценті өтелді. Жұмыссыз борышкерлер саны 3,9 мыңнан 1,1 мыңға азайса, әкімшілік жауапкершілікке тартылған борышкерлер саны 15-тен 294-ке немесе 94,5 процентке артты. Тұрақты түрде алимент алатын балалар саны 4 мыңнан 9 мыңға көбейді. Жыл соңында алимент өндіру бойынша біздің облыс республикада екінші орынға тұрақтады.

Бұдан бөлек, басқа да сот актілерінің орындалуы жөнінен өткен жылы мемлекетке 10 миллиард теңгеден астам кіріс түсірдік. Бақылаушы органдар тарапынан салынған 1,6 миллиард теңге әкімшілік айыппұлдың 1,1 миллиарды немесе 72 проценті өндірілді. Жыл басында айыппұл өндіру көрсеткішінде Қызылорда 13-ші орында болса, жыл соңында бірінші орынға шықты.

– Құқықбұзушылық профилактикасын жүргізуде, әлеуметтік мәселелерді шешуде жалпыға ортақ тағы қандай тың бастамаларды қолға алдыңыздар?

– Президент қызметіне кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінде: «Билік халықтың сұранысын естуге және оны жергілікті жерлерде шешуге міндетті», – деді. Осының негізінде облыстық прокуратура «Заң керуені» акциясын ұйымдастырып, ол барлық елді мекенді қамтыды. Мақсат – тұрғындарды мазалаған сұрақтарға жауап беріп, жергілікті деңгейдегі мәселелерді шешуге құқықтық көмек көрсету. Мұндай шаралар халықтың билікке сенімін арттырып, мәселелерді жедел шешіп, тұрғындардың негізсіз сергелденге түсуін, өтініштердің созылғанға салынуын болдырмауға ықпалын тигізеді. Шара ауылдардағы халықпен кездесу, жеке қабылдау, әлеуметтік нысандардың жағдайын білу, аула немесе көше аралау арқылы тұрғындармен әңгімелесу, елді мекеннің жалпы жағдайын зерделеу нысанында өтті. Акция аясында прокуратура қызметкерлері аймақ көлеміндегі 135 елді мекенге барды. Кездесуге 6 мыңнан астам адам қатысып, 500-ден астам мәселе көтерді. Тұрғындарды ауызсу, мал ұрлығы, жол сапасы, қоғамдық көлік, интернетпен қамтылу, жол белгілерін қою, дергіндер жетіспеуі, жедел жәрдем көлігінің болмауы сияқты мәселелер көп мазалығына көзіміз жетті. Олардың барлығы облыс әкімдігі мен жауапты департаменттерге хат түрінде жолданып, орындалуы бақылауға алынды.

Сонымен қатар, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы және кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, «Кәсіпкерлерге қызмет» акциясын ұйымдастырдық. Акция барысында кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған республикалық және облыстық бағдарламалар шеңберіндегі қолдау түрлері мен шарттары түсіндірілді.

– Кейбір заңнамаларға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға тоқталып өтсеңіз...

– Бұл шара Президенттің тікелей тапсырмасымен жүзеге асырылды. Негізгі мақсат – қоғамдағы өзекті бағыттар бойынша жасалған қылмыстарға жазаны күшейту. Оның ішінде көмекетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыс, мал ұрлығы, заңсыз аңшылық, есірткі қылмыстарының дәрежесі ауырлап, жаза күшейді. Мас күйінде жол қозғалысы ережесін бұзатындарға қатысты Қылмыстық кодекске жаңа бап енгізіліп, онда бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қарастырылды. Бұған қоса, қылмыстық-процестік және қылмыстық атқару заңнамаларына адамдардың құқықтарынан қорғауға бағытталған өзгертулер енгізілді. Мұндай жаңалықты халыққа жеткізу – құқық қорғау органдарының негізгі міндеті. Осы мақсатта прокуратура қызметкерлерінен құрылған жұмыс топтары ірі еңбек ұжымдары мен ұйымдарда түсіндіру шараларын бастап кетті. Өйткені құқықбұзушылық профилактикасы ешқашан күн тәртібінен түспейді. Біздің мақсат – заң үстемдігін арттыру.

– Өңігіменізге рахмет!

Әңгімелескен
Назерке ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы» .

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаментінің басшылығы облыс тұрғындары алдында есептік кездесуін өткізді. Оған облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, облыстық мәслихат депутаттары және тұрғындар қатысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБУДА

Кездесу барысында департамент басшысының бірінші орынбасары Бақытжан Ниязов жыл бойына атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы міндеттерге тоқталды. Бүгінде департамент жанында үш бірдей консультативтік құрылым – «Ақмешіт – адалдық алаңы», арнайы мониторинг тобы, ақпараттық-ағартушылық штабы жұмыс істейді.

Өңірде «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобасының басталғанына бір жылдан асты. Жиында жобалық кеңеснің жетекшісі Жандос Тұсмағамбетов баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды. Мәселен, 47 мемлекеттік органның кабинеттері «Open space» форматында қайта құрылып, 319 мемлекеттік мекеменің бірінші басшылары 1-қабатқа көшірілген. Сонымен қатар, 512 азамат құқықтық көмек алуға жүгініп, 78 азаматтың өтініштері қанағаттандырылды.

Ал «Protecting business and investments» жобасы аясында фронт-офиске инвесторлар мен кәсіпкерлерден 51 өті-

ніш келіп түскен. Бұл өтініштер бойынша тиісті шаралар қабылданып, бизнес субъектілерінің құқықтары қорғалды. «Адал жол» жобасы да өз нәтижесін берді. Қазіргі таңда облыстық арнайы мониторингтік топ мүшелерінің қатысуымен 25 рет рейд шарасы жүргізілген.

Нәтижесінде пойызға билетсіз мінген 65 жолаушы анықталса, жолсеріктерге қатысты 31 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама рәсімделіпті. Оған қоса 215 техникалық заң бұзушылық анықталған. Өткен жылы сыбайлас жемқорлық санатына жататын 115 қылмыс тіркеліп, 65 адам жауапкершілікке тартылды. Бұл туралы арнайы мониторингтік топтың жетекшісі Наталья Мишукова жеткізді.

Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмысқа оң бағасын беріп, нәтижеге тоқмелейсіміз әлі де жұмысты күшейту керектігін баса айтты.

КЕҢЕСТІҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ

Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Нұрман Талқанбаевтың төрағалығымен кеңестің былғғы жылғы алғашқы отырысы өтіп, онда 5 мәселе қаралды.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Бірінші кезекте мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларының орындалуы, Әдеп кодексі бұзушылықтарының профилактикасы бағытындағы атқарған жұмыстары туралы екі құрылым басшысының есебі тыңдалды.

Облыстық білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы Ғалия Дәулетова есепті кезеңде мемлекеттік бақылау шаралары бойынша 20 ішінара тексеру жүргізілгенін хабарлады. Оның ішінде 11 мектеп пен 5 балабақша бар. Тексерулер нәтижесімен 24 әкімшілік іс қозғалып, 310 АЕК айыппұл салынған. 15 білім беру мекемесінің лицензиясы уақытша тоқтатылған. Сонымен қатар, заңды және жеке тұлғалар өтініштеріне және 11 нұсқаулықтың орындалуына жоспардан тыс тексеру өткізілген.

Былтыр 35 профилактикалық бақылау болып, мемлекеттік қызметті лицензиялауға қатысты 99 өтініш түскен. Ғ.Дәулетова өзі басқарып отырған департамент білім сапасын қамтамасыз ету департаменті болып қайта құрылуы себепті бұрынғы міндеттерге балалар қамтамасыз ету де қосылғанын жеткізді.

Облыстық жер пайдалану мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы Қайрат Тоғызбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. Сонымен бірге өзі осы басқармаға басшылық еткен төрт жылдан астам уақытта ұжым мүшелері тарапынан ешқандай заң бұзушылық орын алмағанын жеткізді. Десе де игерілмей тұрған жер учаскелеріне қатысты әлі бірқатар мәселелер шешімін таппаған. Басқарма басшысы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді бақылау аудандық әкімдіктерге жүктелгенін айта келе, кәсіпкерлік мақсаттағы игерілмей тұрған учаскелердің иелері басқа облыстарда тұратын болғандықтан кейбір қиындықтар туындағанын түсіндірді. Мәселен, пайдаланылмай тұрған 46 учаскенің 42-сі Бердіғожин және Даярова деген ерлі-зайыптының атында. Негізінде ол жалпы аумағы 2-3 гектар шама-сындағы бір ғана учаске болған. Кейіннен болшектеніп, 42-ге бөлінген. Кәсіпкерлерге тексеру жүргізуге мораторий жариялану себепті әзірге оларға қатысты шара көруге мүмкіндік жоқ. Бұл жөнінде облыстық әкімдік, облыстық прокуратура хабарлар.

Отырыста облыс әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі

уәкілі Хамит Тарбаков есеп берді. Мұнан соң баяндамашыға кеңес төрағасы мен мүшелері атынан облыстық әкімдіктің қызметтік көліктері жүрісіне мониторинг жасалмайтыны жөнінде қатан сын айтылды. Түн мезгілінде немесе демалыс күндері мемлекеттік нөмірлі қызметтік көліктердің сауда үйлері жанында тұрғаны бірнеше рет көзге түскен. Бұл туралы әлеуметтік желілерде жарияланып жатса да оған қатысты тиісті түсінік пен жауап берілмеген. Сондай-ақ, облыстық басқармаларда Әдеп кодексі мен Әдеп жөніндегі уәкіл жанындағы ақпараттар жаңартылмаған. Осы мәселе-лерге байланысты Х.Тарбаковқа жұмысты ширату жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Отырыста Қазалы ауданы “Арықбалық” ауылдық округінің әкімі Мәулен Қайрулаевтың тәртіпті ісі қаралды. Ол аудандық мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы кызметінде жүргенде Наурыз мерекесін өткізуге байланысты ақша жинауда түсінбестік орын алған. Жиналған қаржыға тұрмысы төмен отбасыларға дастархан жайылып, мереке ұйымдастырылған. Жиналған ақшаны кабинетте беріп жатқаны бейнебақылау камерасына түскеннен кейін, тиісті мекеме қызметкерлері тарапынан күдік тудырып, тексеріс жүргізіледі. Кейіннен ешқандай заң бұзушылық орын алмағаны анықталады.

Кеңес мүшелері мұндай шараларды ұйымдастыруды ұжымдағы кәсіподақ немесе басқа да қоғамдық ұйымдарға тапсыру қажеттігін ескертіп, кемшіліктер жібергені үшін “сөгіс” түріндегі тәртіптік жаза белгіледі.

Кеңестің күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша Қызылорда қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін түрже бөлімінің басшысы Гүлмира Рахметоваға бұған дейін қолданылған тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алуға келісім беру жайы талқыланды. Әдеп жөніндегі кеңестің былтыр қазандағы өкімінен Г.Рахметоваға “ескерту” түріндегі тәртіптік жаза белгіленген болатын. Бөлім басшысының содан бергі уақытта өз қызметін жақсы атқарып, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырғанын ескеріп, қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бөлім басшысына тағайындалған тәртіптік жазаны алып тастау жөнінде өтініш түсірген. Кеңес мүшелері тәртіптік жазаны алып тастауға бірауыздан келісімін берді.

■ ХАЛЫҚ – ҚАЗЫ, ЕҢБЕК – ТАРАЗЫ

Жалағаш ауданы: ИНВЕСТИЦИЯ – ІСКЕРЛІК БАСТАУЫ

Кеше Жалағаш ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаевтың халық алдындағы есепті кездесуі өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, бірқатар басқарма басшылары және аудан жұртшылығы қатысты.



Аудан әкімі өткен жылдың ең басты көрсеткіштеріне тоқталып, әсіресе инвестиция тарту бойынша қол жеткен жетістіктерді атап өтті. Инвестиция тарту көрсеткіші алдыңғы жылымен салыстырғанда 51,4 процентке өскен. Шағын және орта бизнеспен айналысушылар кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар бойынша жеңілдетілген несиесі алып, мал, егін шаруашылығы, қызмет көрсету салаларын өркендеткен.

Өткен жылы күн электр станциясына жер бөлініп, құрылыс басталған еді. «Nomad Solar» ЖШС-ның жобасы алдағы ақпан айында пайдалануға

беріледі. Сол кезде 15 адамға жұмыс көзі ашылып, электр станциясы жергілікті бюджетті жылына 120 млн теңгеге толықтырады.

Ауданға қарасты ауылдар ахуалын айтқанда, ең алдымен «Таң ЛТД» ЖШС-ның мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында салған спорт-сауықтыру кешені, Аксу ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның пайдалануға берілгені ойға оралады. Мұндай медициналық мекемелер Таң және Мырзабай ахун ауылында да бой көтерді.

Былтыр Жалағаш ауданы ауыл шаруашылығы саласында да нәтижелі жұмыс атқарып, «Алтын дән» мерекесінде «Үздік аудан» номинациясына

ие болды. «Байқоңыр-инвест» форумында меморандумға қол қойылып, алдағы уақытта ауданнан бордақылау алаңын, ет өңдеу цехын, тыңайтқыш өңдеу зауытын салу туралы келісім жасалды.

Есепті кездесуде аудандағы құрылыс қарқыны, ауылдарды таза ауызсумен қамтамасыз етуге, жол жөндеуге қатысты атқарылған жұмыстар сараланды. Былтыр Аққыр, Жаңадария, Мақпалкөл ауылдарында ауызсу желілері жаңғыртылған. Бүгінде 25 шақырымға жуық жол жөндеуді қажет етіп тұр. Қаракеткен мен Таң ауылдарына кіреберіс жолдарды жөндеудің құжаттары сараптамадан өтті.

Сырдария ауданында орналасқан газ тарату станциясынан Жалағашқа магистральдық және кварталшілік газ желісін тарту үшін өткен жылы республикалық бюджеттен 1 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. Әлеуметтік нысандарды газдандырудың жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Аудандық аурухана құрылысы жалғасуда.

Аудан тұрғындары медициналық қызмет сапасын жақсартуға, жол сапасына қатысты мәселелерді көтерді. Сондай-ақ аудандық музей және көпбалалы отбасыларға арналған көпқабатты үйлер салу туралы ұсыныстарын ортаға салды.

Кездесуде еңбек ардагерлері Қ.Жұбатыров, Қ.Кішкенбаев, Б.Төлегенқызы, А.Пірманов, Ж.Төрешұратов сөз алып, аудан әкімінің жыл бойы атқарған жұмысына оң баға берді.

Сырдария ауданы: АТАКӘСІП – ТАБЫСТЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Кеше Сырдария аудандық мәдениет үйінде аудан әкімі Руслан Рүстемовтің халық алдындағы есепті кездесуі өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Бақытжан Намаев және бірқатар басқарма басшылары қатысты.

– Өткен жыл аудан үшін табысты болды. Барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамикаға қол жеткіздік. Оның ішінде инвестициялар көлемі 164,6 процентті құрады. Ал құрылыс жұмыстары 4 есеге артса, өнеркәсіп 100,6 процентке жетті. Өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі де жетістікке жетеледі. Бюджеттің кіріс бөлігі бойынша жоспарланған түсімдер 100,9 процентке орындалды. 2020 жылға аудан бюджетінің көлемі 13,2 млрд теңге болып бекітілді, бұл 2019 жылғы аудан бюджетінен 2,2 млрд теңгеге артық, – деді Р.Рүстемов елге есебінде.

Агроталаға жете мән берген сырдариялықтардың қамбасына биыл 134 мың тонна астық жиналды. Орта есеппен гектарына 63,5 центнер өнім алған аудан еңбеккерлерінің ішінен озат шыққандар облыс халқының алдында марапат биігіне көтерілді. Маңдай тердің арқасында су жаңа автокөлік тізіндегендер де жетерлік. Атакәсіп – мал шаруашылығын дамытуда да ілкімді істер бар. «Сыбаға» бағдарламасы аясында шет елден 544 бас асылтұқымды мүйізді ірі қара және 2611 бас қой, «Игілік» бағдарламасымен 58 бас жылқы сатып алуға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді. Бірқатар шаруашылықтар осы бағытта жұмыс істеп жатыр.

Сырдариялықтардың басты қуаныштарының бірі – ауданда көгілдір отын-



мен қамтуға байланысты жұмыстың басталуы. Былтыр Тереңөзек кентін газдандыру қолға алынды. Құны 2,4 млрд теңгені құраған бұл жұмысты «Әлия-Сервис» серіктестігі іске асыруда. Сонымен қатар, А.Токмағамбетов, Қалжан ахун, С.Сейфуллин елді мекендерін газдандыру мақсатында жоба-сметалық құжаттарды әзірлеу үшін облыстық басқармаға бюджеттік өтінімдер ұсынылды.

– Мемлекет басшысы өзінің алғашқы Жолдауында «Ауыл тұрмысының сапалы болуын қамтамасыз етпей, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру мүмкін емес» деп атап өтіп, Елбасының «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын жүзеге асыруды тапсырған болатын. Бұл үшін Үкіметке алдағы үш жыл ішінде 90 млрд теңге қаржы бөлу керектігі айтылды. Осы жоба аясында Ақжарма ауылдық округіне

509,6 млн теңге қаржы бөлінді. Бұл қаражатқа 4 көше жарықтандырылып, 8 көше орташа жөндеуден өткізілмек. Тағы 3 көшеге темір-бетон лоток орнатылады. Осы бағдарлама аясындағы жұмыс өзге ауылдарда да кезең-

кезеңімен жүргізіледі, – деді аудан әкімі.

Айта кетейік, аудандағы кәсіпкерлік, білім, мәдениет, медицина секілді салалардағы даму көңіл қуантарлықтай. Өткен жылы аудан бойынша 852 млн теңге тұратын 375 жоба қаржыландырылып, 400-ге жуық жұмыс орны ашылды. Әлеуметтің әлеуетін көтеруді басты орынға қойған сырдариялықтардың «Нұрлы жер», «Туған жер» тәрізді бағдарламалар бойынша атқарған жұмыстары сан алуан.

Есепті кездесуде жұртшылық көкейдегі сауалдарын жолдады. Өзекті мәселелер күн тәртібінен тыс қалмайтынын жеткізген аудан әкімі биылғы жыл ұлт тарихы мен мәдениеті бағытындағы маңызды даталарға толы екенін айтты. Сонымен қатар, халықпен қашан да бірге, әрі ашық диалогта екенін жеткізді.

Аймақта экология департаменті жанынан “Адалдық аланы” жобалық кеңсесі өз жұмысын бастады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, тұрғындарға қолайлы ортаны қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған жоба жетекшісі болып “Эко қамқор болашақ” қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ыбырайхан Мұсабаев сайланды.

Жаңа жобалық кеңсе

– Жобалық кеңсенің барлық өңірде филиалы ашылып жатыр. Басты мақсат – мемлекеттік орган қызметінде жемқорлыққа қарсы заманауи стандарттарды енгізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мен жою. Сондай-ақ, қоршаған орта саласындағы мәселелерді шешуге бағытталады, – деді “Ақ-мешіт – адалдық аланы” жобалық кеңсесінің жетекшісі Жандос Тұсмағанбетов.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа моделіне айналған жобадә тәуелсіз

сарапшылар мен кәсіби мамандар жұмыс жасайды. Алдағы уақытта әр сала бойынша да осындай кеңселік жобалар құрылмақ.

– Мұндай кеңсе жер-жерде ашылып отыр. Біздің өңірде де маңызды зор. Себебі, экологиялық аймақ болғандықтан, бұл тұрғыда түйіні шешілмеген түйткілді мәселе жетерлік. Оны жан-жақты зерттеп, шешімін табу, облысты таза аймаққа айналдыру – біздің міндетіміз, – деді жобалық кеңсе басшысы Ы.Мұсабаев.

“СБ” ақпарат.

«Дәулетэнерго» ЖШС-ның 2019 жылдың 2-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында нақты және іс жүзіндегі шығындары жөніндегі мәлімет				
БСН 980340002633				
Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы, мың теңге	Нақты шығындар, мың теңге	Айырма	
Электр энергиясын сатып алу шығындары	418 250	404 121	-14 129	
Электр энергиясын тасымалдау шығындары	466 093	488 501	22 408	
Электр қуатының теңгерілуде қызметін ұйымдастыру, қуатты реттеу, жүктемені әзірлігін қамтамасыз ету шығындары	105 697	102 806	-2 891	
Жиынтығы:	990 040	995 428	5 388	

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000497 мемлекеттік лицензиясы берілген)

«Дәулетэнерго» ЖШС-ның 2019 жылғы 2-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында өткізу көлемі және табыстылық деңгейі жөніндегі мәлімет															
БСН 980340002633															
Қызмет атауы	Өткізу көлемі, мың кВт*с.				Өткізу көлемі, мың теңге (ҚҚС-сыз)				Өткізу бағасы, теңге (ҚҚС-сыз)				Табыстылық деңгейі		
	Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			Шығындар мың теңге	Реттелетін қызметтен түскен кіріс, мың теңге	Табыстылық деңгейі %
		Заңды тұлға	Жеке тұлға			Заңды тұлға	Жеке тұлға			Заңды тұлға	Жеке тұлға				
			Жалпы көлем	Тұтыну көлеміне қарай			Тәулік зонасына қарай	Жалпы көлем			Тұтыну көлеміне қарай	Тәулік зонасына қарай			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Электроэнергия	62 367,971	33 743,560	28 624,411	0,000	1 012 543,683	557 227,967	455 315,716	0,000	16,23	16,51	15,91	0,00	1 054 273,000	1 012 543,683	
(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000497 мемлекеттік лицензиясы берілген)															

Сенім телефоны					
Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасында 8 (7242) 27-76-99 нөмерлі «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды.					
Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшылығының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі					
р/с	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты-жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефон-дары
1	Жалғасбаев Ертілеу Шынтасұлы	Басқарма басшысы-Бас мемлекеттік еңбек инспекторы	Сәрсенбі, қабылдау сағаты 16.00-18.00	Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар көшесі, 47; каб. 301	8 (7242) 26-34-76
2	Шалбаева Тұмар Балтабайқызы	Басқарма басшысының орынбасары-мемлекеттік еңбек инспекторы	Бейсенбі, қабылдау сағаты 15.00-17.00	Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар көшесі, 47; каб. 301	8 (7242) 27-22-85

Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасында Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ			
Басшының Аты-жөні, тегі және лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Байланыс телефоны
Қойшыбаев Шахмардан Султанбекұлы (басқарма басшысы) Қарабаев Ғалымжан Мырзахметұлы (басқарма басшысының орынбасары)	Бейсенбі	16.00-18.00	60-53-32
	Жұма	17.00-19.00	60-53-32

Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының «Сенім телефоны» 60-53-35.

Жарамсыз деп есептелсін	
Скаков Айдос Бақытбековичтің атына Астана оқу-клиникалық орталығында “Профилактика кариеса и его осложнений” циклы бойынша 2016 жылдың 15-27 ақпан аралығында (108 сағат) біліктілігін арттырудан өткені (тіркеу №72), “Стоматологиядағы инновациялық технологиялар” циклы бойынша 2016 жылдың 29 ақпан-15 наурыз аралығында біліктілігін арттырудан өткені (108 сағат) үшін (тіркеу №115) біліктілік арттыру куәліктерінің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.	



ХОББИДЕН – КӘСІПКЕ

Жалынды жас Әли Ибрагимнің жеткен жетістігі орасан. Ол бокспен шұғылданады, ұлттық спорт түрлеріне, соның ішінде садақ ату өнеріне әуес. Жуырда бұл қызығушылығын кәсіп көзіне айналдырып үлгерді. Қызылорда қаласынан дәстүрлі «Алтын жебе» орталығын ашқан жас кәсіпкер ер жігіттің бес қаруының бірі көпшілікке таңсық болмауын қалайды.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.



– Спортқа жақынмын. Мектеп жасымнан Жалаңтас баһадүр атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының бокс үйімесіне қатыстым. Сабырды шындайтын садақ ату өнеріне де қатты қызығатынымын. Сондықтан түрлі курстарға қатыстым. Айтарлықтай нәтиже болды. Түркияда өткен мергендердің халықаралық сайысында бақ сыналдым. Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырылған «Этнофест», Алматыда өткен «Ұлы дала көшпенділер әлемі» фестивалінде өнер көрсеттім. Уақыт өте жақындарым кәсіпкерлікке икемім барын, осы қызығушылығымды табыс көзіне айналдыруға болатынын айтты. Дегеніміз кірістім. Қазір соның жемісін көріп отырмын, – дейді кейіпкеріміз.

19 жастағы Әли Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да денешынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білім алуда. Өзі айтқандай, бір ғана іспен шектеліп, қол қусырып отырған жок. Облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының «Жас кәсіпкер» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқыған. «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы негізінде қайтарымсыз грант жеңіп, өзі ашқан орталықта жаттықтырушы қызметін атқарып жүр.

– Ұлттық спортты дамытуға қатысты үйірмелер аз. Сондықтан мен осы іске үлесімді қосқым келді. Мемлекеттің демеуіне ризамын. Бізге кәсіпкер атану үшін психологиялық әзірліктен бастап, бизнес-идеяны жетілдіру оңайға түспес еді. Садақ ату жігерді шыңдап, мергендікті, ой ұшқырлығын арттыра түсетіндіктен, замандастарыма оны әлі де қолжетімді етудің жолын қарастыраудамын, – дейді Әли.

Жас кәсіпкер бұл спорт түрінің бірқатар артықшылығына да тоқталды. Айтуынша, ерте кезде садақ ату мен мергендік өнер баға жетпес құндылық саналған. Сондықтан да, көшпенді халқымыз ер баланы жастайынан осы спорт түріне баулып, ел қорғауға тәрбиелеген. Екіншіден, садақ атуда халқымыздың тарихи жалдысы мен тектілігі жатыр. Бұл ретте садақ атудың түрлерін тарқатып айтуды да жөн көрдік. Ол – әлемдік деңгейде жақсы дамыған олимпиадалық спорт түрі. Жыл сайын құрлықтық чемпионаттар мен үлкен турнирлер өтеді. Ал, біздің сөз етіп отырғанымыз – байырғы этникалық садақ ату. Аталған түр қазір Венгрия, Жапония, Корея, Моңғолия сияқты елдерде даму үстінде. Моңғолиялық садақшылар тік тұрып нысана көздеуден сайысатын болса, мажар бауырларымыз ат үстінен садақ тартуға машықтанған екен.

ЖӨНСІЗ ТАЛАПТАР ҚОЛДЫ БАЙЛАЙДЫ

Облыстық кәсіпкерлер палатасы Сырдария ауданының кәсіпкерлерімен кездесті. Кездесуге палата директорының орынбасары Пірмұхаммед Сыздықов, кәсіпкерлердің құқығын қорғау кеңесінің төрағасы Болат Нұрхожаев, палатаның аудандық филиал директоры Ерлан Әбікеров қатысты.

Бизнес өкілдері онда қызмет жүргізу барысындағы келергілерді атап өтті. Тірілік жасауға ниет бар болғанымен, несие алуға келгенде қаржы ұйымдары, бағалаушылар кепілге қоятын мүліктеріне төмен баға ұсынатынын жеткізді. Сол себепті айналым қаражы үшін қажетті ақшаны көбіне шағын қаржы ұйымдары арқылы рәсімдеуге мәжбүр. Аталған қаржы ұйымдары жедел әрі оңай рәсімдегенімен, проценттік үстемесі жоғары екендігіне көңіл бөлді. П.Сыздықов оларға ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жік-жігітмен түсіндіріп, тиімді тұстарына тоқталды.

Жол бойындағы қызмет көрсету кешенін ашқан кәсіпкерлердің мәселесі интернетпен байланысты болып шықты. Тоғыз жолдың торабында орналасқан кешенге шетелдік азаматтар жиі тоқтайды.

– Олар, ең алдымен, интернет бар-жоғын сұрайды. «Қазақтелеком» арқылы қостырылғанымен, сапасы сын көтермейді. Бес-алты адам қатар қосылғанда мүлдем тартап қалады, – дейді кәсіп иесі Гүлмира Меддеева.

Кездесуде осындай кешендерге банкомат орнату, су бағасының жоғары болуы және салық органдары мамандарының жөніс талаптарына қатысты біраз сын айтылды. Әр сауалға қатысты мамандар түсіндірме беріп, сұрақтарды жүйелеп, тиісті органдармен бірге шешетінін жеткізді.

Бүгінде Сырдария ауданында 2081 кәсіпкерлік нысаны жұмыс істеп тұр. Өткен жылы палатаға олардың құқығын қорғау жөнінде 10 өтініш түсіп, 5-і оң шешім тапты. Қалғаны бойынша түсіндірме жұмысы жүргізілді. Кеңесшілер 560 адамға түрлі бағытта кеңес берді. «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша 230 сырдариялық оқып, соның 132-сі мемлекеттік бағдарлама аясында 100-ден 200 айлық есептік көрсеткішке дейін қайтарымсыз қаржыға ие болды. «Жас кәсіпкер» жобасы аясында оқыған 110 тұрғынның 62-сі 505 мың теңгеден – барлығы 32,7 миллион теңге қайтарымсыз қаражат алды.

Аудандық филиал директорының айтуынша, қазірдің өзінде жоба бойынша оқуға 100-ге жуық аудан тұрғыны ниет білдірген.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі.

ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕСТІ ӨРКЕНДЕТКЕН

Бүгінде кез келген құрылғының басқару тетігі бар. Былайынша айтқанда, пульт дейміз ғой. Телелидардан бастап, өзіңіз мініп жүрген көлікті те осы кішкентай тетікпен оталдырып, күн суықта сыртқа шықпай-ақ қыздырып келеміз. Енді бір мысал, аулаға кірерде қақпаны ашу үшін көліктен түсіп, үйге беттейміз ғой. Қазір мұны да пульт арқылы басқаратын болған.

Быттыр «Жастар жылында» «Жас кәсіпкер» жобасы бойынша талапкерлерге 505 мың теңге берілді. Бұл мүмкіндікті пайдаланғанның бірі – Жансая Жүнісова. Көпбалалы ана «Қандай кәсіп ашуға болады?», «Менің қолымнан не келеді?», «Төрт балама жеткілікті уақыт бөліп, қасынан табылатын қандай іс бар?» деген сұрақтарды әуелі өзіне қойған сияқты. Бастысы ниет бар. Бірақ не істеу керектігін білмей дал. Міне, осы жерде аймақтық кәсіпкерлер палатасының көмегіне жүгінген ол кәсіпкерлерге қажет бағдарламалармен танысып, отбасылық кәсіпті таңдайды. Отағасы Ғалым екеуі «Ақылды үй» жобасын қолға алады. Өрт сөндіру дабылы, турнир-кет, дарбазаға автоматика орнату секілді жұмыстар осылай басталған.

– Күйеуім бұл кәсіптің қыр-сырын біледі, 8-9 жыл уақыт осы салада жүрді. Тапсырыс та жеткілікті еді. Сосын «неге істеп көрмесек» деп талпындық. «Жас кәсіпкер» жобасында арнайы бір мамандыққа оқытпаса да, кәсіп жайлы жалпылама айтты. Салыққа қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қиындықтан қалай шығу керек екенін де атап өтті. Өзіміздің нақты мақсатымыз жайлы сұрады. Шынымды айтсам, менің мамандығым журналист, қолымнан жазудан басқа ештеңе келмейді екен. Бірақ, қорықпай отбасылық бизнесті таңдадым, – дейді Жансая Жүнісова.

Көпбалалы ана мемлекет қолдауымен алған қаржысын оңды-солды шашпай, қолдан келер іске, игілікті жұмысқа пайдаланды.

– Егер кәсіптен қиын-



дық туындаса, палата қызметіне жүгінеміз. Кез келген мәселенің шешімін тауып береміз. Арнайы кәсіпкерлерге көмектесетін орталықтың бар екенін білмейді екенмін. Электронды счет-фактураны да жақында естідім. Қалай тіркелу керектігін білмеген соң, осында келдім. Мамандар үйретіп, көрсетіп берді. Осындайда мемлекет қолдауына қуанасын. Әсіресе, «Бизнес Бастау» жобасын атап айтуға болады. 60 жасқа дейінгі кез келген жұмыссыз оқып, 250 мың теңге көлемінде қаржы ұтып алуға мүмкіндігі бар. Жүрген жерімде осы жайлы айтып келемін. Мал бағумен де айналысып, өз-өзіңді қамтамасыз етуге

болады. Тиімді емес пе? – дейді мемлекеттік бағдарламаның игілігін көрген жас отбасы.

Ерлі-зайыпты кәсіпкерлердің алдағы жоспары – тендерге қатысу. Ол үшін қыр-сырын үйрететін курс оқып, мәліметтер жинақтауда.

– «Ақылды үй» ЖК быттыр қыркүйек айында заңды тіркелді. Біз аудио, видеодомофон құрумен, камера орнатумен, автоматика, рольставни, секциондық қақпалармен айналысамыз. Сондай-ақ турнир, шлагбаум, күзет-өрт дабылын орнатамыз. Бәрі автоматтандырылған жүйемен жұмыс жасайды. Өздеріңіз білесіздер, «Ақылды қала» жобасы

Ержан БЕКМЫРЗАҰЛЫ.

№1 ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ БАЙ АДАМ КІМ?

Бернар Арно. Әлемнің ең ауқатты адамы – әзірге осы. Үнемі байлардың қаттасына «үнілім» жүретін Forbes журналы өткен жылды бір сүзіп шыққан екен. Француз бизнесмен сонда бірінші боп орналасыпты. Ол америкалық «Amazon» компаниясының басшысы Джефф Безосты ығыстырған.

Сонымен, біз айтып отырған Бернар Арно кім? «Dior» мен «Louis Vuitton»-ның қожайынын «жок» деген сөзді қабылдамайтын, ұтылуды ұнатпайтын адам ретінде айтады білетіндер. Бұл қасиеттер оған француз сән-салтанатының символы, 100 миллиард доллардан астам табыстың көзі саналатын сән империясын құруға мүмкіндік берді. Шекесі шылқыған кәсіпкер мұнымен тоқтап қалмақ емес.

«Louis Vuitton» сөмке, киім, аксессуарларын ешқашан көтермелеп және жеңілдетілген бағамен сатпайды. Оның өнімінде классика мен осы заман талабының үйлесім тапқан. «Сарисілес» сериясымен шығарылған көгілдір түсті былғарыдан тігілген сөмкесінің өзі 8600 доллар тұрады. 29 жасында Тша-балала Селф оны көпқатпарлы бастырмамен көркемдеген. Быттыр жыл басында аталған компаниялар тобының ер адамдар желісі бойынша директоры 39 жастағы Вирджил Абло қараңғыда жарқырайтын сөмкелер коллекциясын көпшілік назарына ұсынды. Сыртындағы қоса арналған оптоалшықтың көмегімен «LV» логотипі қараңғы жерде кемпірқосақтың жеті түрлі түсіне боялып шыға келеді.

«Louis Vuitton және «Christian Dior» брендтерінің табысты болу құпиясы неде? Себебі бір-біріне қарама-қайшы

небәрі екі аспектіге кеп тіреледі: бұлар уақыттан тыс өмір сүреді және қай кезде де өз заманының талабымен үндес. Тура отпен су сияқты», – дейді Арно.

«Fendi», «Bulgari», «Dior Pétignon», «Givenchy» және тағы басқа жетпістен астам брендті біріктіретін «LVMH» компаниялар тобы рекордтық сауда айналымын жасап, табыс түсірген. Бұл «LVMH» акциялары құнының соңғы төрт жылда екі есе өсуіне ықпал етті. Бернар Арно туған-туысымен бірге компания акциясының 47 процентіне ие.


Францияның солтүстігінде өмір сүрген Арно бірден байып кетпеген еді. Музыкаға әуестігіне қарамастан атақты пианиношы болуға таланты жетпеді. 1971 жылы тандаулы француз ЖОО-да инженерлік мамандық алып шыққан ол Руба қаласындағы ата-сый негізін қалаған құрылыс компаниясында әкесімен бірге еңбек жолын бастады. 25 жасында Арно отбасылық бизнесті басқарды. 1981 жылы Францияның президенті социалист Франсуа Миттеран болып ауысқаннан кейін АҚШ-қа қоныс аударып, сонда отбасылық компанияның бөлімшесін құруға тырысты. Бірақ мансапқұмарлығы оны құрылыстың шеңберінен алып шықты. Арно өз елінде бастаған ісін халықаралық аренада

көрсетуге асықты.

1984 жылы «Christian Dior» брендінің саудаға қойылғанын біліп, оны сатып алуға бел буды. Тоқыма және бір реттік жаялық өндірісінде жетекші рөлге ие «Dior»-ға еншілес «Boussac» компаниясы банкроттыққа ұшырап, француз үкіметі жаңа қожайын іздеп жат-

жаппай сатып жіберді. Мұндай басыздыққа бәрі таңғалды. Француздарша емес, америкалықтарша әрекет етуіне қарап сол кездегі ақпарат құралдары Арноны «кашемир киген қасқыр» деп атады.

Миллиардерге сәттілік үнемі серік болды дей алмаймыз. 2001 жылы ол аты аңызға айналған



қан түс еді сол. Арно инвестициялық «Lazard Frères» компаниядан 15 миллион доллар құйып, Boussac-ты құтқарып қалуға күш салды. Алайда, Арно «өндірісті өркендетіп, жұмыс орындарын сақтап қаламын» деген уәдесінде тұрған жок. 9 мыңдай адамды жұмыстан босатып, компания активінің үлкен бөлігін 500 млн долларға

«Gucci» итальян сән үйін бақылау жолындағы күресте басты қарсыласы Франсуа Пинодан жеңіліп қалды. Ақпарат құралдары қос алыптың айқасын «сөмкелер шайқасы» деп атады.

Бай бизнесмен «LVMH» брендтік киімдерін ғана киеді. Аптасына төрт сағат теннис ойнап, салауатты өмір салтын ұстанады. «Толып кетпес үшін үнемі

Назерке ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

I
Әр адамның өмір белестері әр алуан болады. Оның дұрысын да, бұрысын да қаз қалпында қағазға түсіру оп-онай шаруа емес. Өйткені естікеннің де, көргеннің де, білгеннің де бәрі бірдей уақыт өте есте қала бермейді. Алайда арада қаншама жылдар өтсе де ойлана келе жаңғырып ойға оралатындары да аз емес екен. Солардың арасынан өзінің табиғат жаратқан қалыпты жағдайынан қаншалықты біліктің биік баспалдақтарына көтерілсе де аспайтын да таспайтын. Бір сөзбен айтқанда, өзін өзгеріссіз тұрашылдығы мен әділдікті ту етіп тұрақты түрде ұстайтын, ыза жерді баспайтын парасаттылығымен, шаруаны егжей-тегжей білетіндігімен, алымдылығымен, шалымдылығымен, жан-жақты іскерлігімен, қарапайымдылығымен елдің, халықтың кәдірмендісіне айналған азаматтар болады. Ондай азаматтардың атқарған қызметтері, жасаған жақсылықтары мен еткен еңбектері ел есінде.

Сондай тұлғалы басшылардың қатарында болған, Сыр елінің тарихында өзіндік үлесі бар, облыстың экономикасы мен мәдени-әлеуметтік жағдайын көтеруге белсенділікпен араласқан, әсіресе ауыл шаруашылығын өркендетуге кешегі кеңес дәуірі кезінде тікелей атсалысқан айтулы азаматтардың бірі – Қаһаң, Қаһарман Табынбаев болатын.

Жалпы бұл естелік-деректемеде менің қойып отырған негізгі мақсатымның, айтар сөзімнің түйіні – біреуді мақтау емес, мақтауға тұрарлық алдыңғы буын ағалардың өнегеге толы өмір жолдарын келешек өскелең ұрпаққа айтып беру, яғни шамам келгенше қаз қалпында жеткізу.

II
Жасынан алда болуды армандап өскен ол Жалағаш кентіндегі Сталин атындағы №31 орта мектепті 1954 жылы күміс медальмен бітіреді. Сол жылы Алматы қаласындағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтқа түсіп, оны 1959 жылы ойдағыдай аяқтайды.

Жас маман еңбек жолын Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясында бастап, әуелі зоотехник, сосын бас зоотехник болып жұмыс жасайды.

1961 жылы ауылшаруашылық инспекциясының таралуына байланысты «Жалағаш» қой совхозына бас зоотехник болып ауысады. 1963 жылдың басында Калинин атындағы колхозды маман кадрмен нығайту мақсатында аудандық партия комитеті оны колхоздың бас зоотехнигі етіп бекітеді.

Калинин атындағы колхозда еңбек еткен кезінде әртүрлі шараларға жастык жігермен белсене араласып, өзінің іскерлігін, біліктілігін, саяси сауаттылығын, жаңашылдығын, уақыт талабына сай жұмыс ұйымдастыра білетіндігін көрсетеді. Соның нәтижесінде колхоз бастауыш комсомол ұйымының хатшысы, Жалағаш аудандық комсомол комитетінің штаттан тыс хатшысы және бюро мүшесі болып сайланады.

Мемлекеттік басқару органдарында 1963 жылы өзгерістер болып, Жалағаш ауданы Қармакшы ауданына қосылады. Сол кезде Қармакшы ауданында аудандық комсомол комитетінің кезектен тыс конференциясы өтіп, делегаттар аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына Қаһарманның кандидатурасын қолдайды.

Арада жылға жетпейтін уақыт аралығында 1963 жылдың желтоқсан айында облыстық комсомол комитетінің облыстық конференциясы бірінші хатшы етіп Абдылай Айдосовты, екінші хатшы етіп Қаһарман Табынбаевты сайлайды. Абдылай Айдосов жастар қызметінде біршама тәжірибе жинақтаған облысқа, Сыр өңіріне, республикаға танымал азамат болатын.

Ал, Қаһарман Табынбаев болса облыс жастары алдындағы, әсіресе, ауыл шаруашылығына байланысты мәселелерді шешуде, өндірістегі жинақтаған тәжірибесі мен бастауыш және аудандық комсомол комитеттеріндегі атқарған практикалық істері бұл қызметте де оның оң нәтиже беретіндей дәрежеге көтерілген кезі-тұғын.

Бұл кез облыста ауыл шаруашылығының басты дақылы күршіске сұраныстың өскен кезі болатын. Сондықтан да аймақтың алдында егіс көлемін шұғыл ұлғайту, өнімділігін арттыру міндеттері тұрды. Осыған байланысты облыстық комсомол комитетінде «Ақ күріштің атасы» атанған Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ыбырай Жақаевтың облыстың ұл-қыздарына хат жолдау идеясы туындап, оны облыстық партия комитеті қолдап, дихан ата келісімін алу жауапкершілігі жаңа хатшы Қаһарман Табынбаевқа жүктеледі.

Сәті келгенде өткенді еске түсіріп «хаттан» үзінді оқысақ:

«Жас достар! Менің ұлдарым мен қыздарым. Сыр елінің данқын асқақ көтердіп, мерейін үстем етіп келе жатқан аса бағалы дақыл күріш өсіру ісі менің дихандық өміріме үлкен орын алады. Мен дақылды кәстерлеп баптауды, гүлдей аялап өсіруді ұнатамын, өйткені, мен мұны халық алдындағы адамгершілік парызым деп білемін. Бүгінде жасым егде тартқан кездерде, осындай сүйікті дақылға деген шексіз қамқорлық пен ыстық махаббатымды білдіріп, осы хатты жазып отырмын!»

Әрі қарай дихан. «...Міндет үлкен, оны орындап шығуға жүктеліп отырған міндет одан да үлкен. Ыждағаттылық пен еңбек етпей оны абыроймен орындап шығу мүмкін емес. Бұл істің басты тізгіні сендердің қолдарыңда! Негізгі тұлға өздерің...» – деп үндеу-хатын жолдаған еді.

Хаттың мәтіні мен мазмұны мұқият зерттеліп, оны облыстық партия комитеті мақұлдап, жан-жақты талқыланады. Құжатты жастар арасында жүзеге асырудың барлық түрлі нақты шаралары белгіленеді. Содан кейін ғана Қаһарман Табынбаев Ыбырай ағамызға барып келісімін алады.

Сол хат «Жас ұрпаққа сәлем хат» деген атпен 1964 жылы арнайы плакат болып баспадан басылып шығады.

Дала академигінің хаты облыстық

партия комитетінің қолдауымен облыстық «Ленин жолы» бүгінгі «Сыр бойы» және «Путь Ленина» бүгінгі «Қызылординские вести» газеттеріне жарияланады. Барлық ауданның аудандық газеттерінен орын беріледі. Аталған бастама облыс деңгейінен асып республиканы да қамтиды.

Осы материалды жазу барысында орда бұзар 30 жасында «Жақаевшылар қозғалысын» ұйымдастырудың басы-қасында болған кейіпкерімізге жолығып, «Жақаевшылар қозғалысы» жайында сұрағанымызда айтқаны:

– Бұл өзі ұзақ әңгіме. «Жақаевшылар қозғалысының» ұйымдастырылғанына үзіміздегі жылы 56 жылға толады.

ЕЛ АҒАСЫ

(ой-толғам)

Мұны облыс тарихында жастарды ауыл шаруашылығында еңбек етуге жұмылдырған аса айтулы белес, айтулы жанажалы деуге де болады.

Аталған бастама кезінде облыс деңгейінен асып республика жұртшылығына дейін жеткізілген-ді. Күріш егісін өсіруге жастардың көптеп келуіне жол ашылды. Диханның ізбасарлары көбейіп, облыста «Жақаевшылар қозғалысы» кеңінен өрістеді. Атақты диханның өзі атап өткендей облыс күріш өсірумен ұзақ жыл айналысқанымен оның көлемі, әр гектардан алған өнімі төмен болып келген. Есепке қарасақ, 1960 жылы небәрі 12,1 мың гектар күріш егіліп, орта өнім 18,5 центнер-ден айналса, сол тұста күріш егісімен шұғылданған жастардың саны 208 ғана болған екен. Дихан хаты облыс аумағындағы барлық бастауыш комсомол ұйымдарында, барлық мектептерде, оқушылар арасында, барлық кәсіптік училище жастарының қатысуымен кең түрде талқылау жасалынды.

«Жақаевшылар қозғалысы» бастамасына жаңа серпіні, жаңа қолдау беру мақсатында 1964 жылдың желтоқсан айында облыста күрішшілердің тұңғыш слеті өткізілді. Слетке Ыбырай Жақаев бастаған озат күрішшілер мен механизаторлар, ауыл шаруашылығының білікті мамандары қатысты. Слеттің құрметті қонағы болып, Москвадан шақырумен екінші космонавт Г.С.Титов келді.

Жазушылар шығармалар жазып, ақындар өлеңдерін арнады. Композиторлардың «Жақаевшылар маршы», «Жақаевшы жастар жыры», «Ақ күріш туралы ән», «Сыр сұлуы» әндері осы кезеңде өмірге келді.

Сол жылдары жастарға арналған жиналыстарға, еңбек озаттарымен өтетін кездесулерге, әртүрлі спорттық шараларға, өзара социалистік жарыстарға, мәдени-әлеуметтік жиындарға, арнайы тақырыппен өтетін слеттер мен форумдарға қатысқан олар қорытындысында:

... Аңсатса Сыр өңірі,
Ән тербеп жүрегімді,
Өзінен туған ұлмн айналысн.
Жайқалған ақ күрішін,
Жаралған шаттық үшін,
Қайран сол, Сыр сұлуы қайдасың,
– деп «Сыр сұлуы» әнін айтпай таркамайтын.

Өмірге озаттар келтірген, өмірден жыр тудырған, өмірден ән шығартқан «Жақаевшылар қозғалысы» баяндап отырғанымдай баспалдақтардан өтіп, өмірге осылайша келген еді, – деп ақтады әңгімесін бүгінде ел ағасы атанған Қаһарман Табынбаев ақсақал.

Жалпы жастардың Жақаевшылар қозғалысы дүниеге келіп, аса үлкен жасаппаздықпен қоғамның пәрменді қозғаушы күшіне айналып, қаншама адамдардың тасы өрге өрмелеп, бағы жанып, Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары болғандығына, партия, Совет органдарының делегаттары мен депутаттары болып сайланғандығына уақыт куә, тарих куә.

III

Келешегінен зор үміт күткен облыстық партия комитеті оны 1965 жылы Алматы қаласындағы жоғарғы партия мектебіне оқуға жібереді. Оқуды бітіргеннен кейін ол 1967-1979 жылдар аралығында облыстық партия комитетінің ұйымдастыру партия бөлімінің нұсқаушысы, ауыл шаруашылығы бөлімі менгерушісінің орынбасары, Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарады.

Осы аты аталған лауазымды қызметтерде жүрген кезінде ол – табанды да қажырлы істерімен, адамдармен өнеге тұтарлық қарым-қатынасымен, қарапайым еңбекқорлығымен, жаңашылдық және іздемпаздылығымен, орындаушылық қабілетінің тұрақтылығымен, мәселені әділ шешетіндігімен танылып, ұйымдастырушылық қабілетінің жан-жақтылығын, саяси сауатты кадр екендігін көрсете білді.

1979 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық партия комитетіне Қазалы ауданынан бір топ тұрғындарының атынан жазылған арыз түсіп, ол арнайы тексеріледі. Тексеру барысында арызда көрсетілген фактілер толығымен анықталады. Тексеру қорытындысы Қазақстан Компартиясы Орталық партия комитетінде арнайы қаралып, ауданның экономикасын құлдыратып, саяси тәрбие, әлеуметтік жұмыстарды әлсіретіп, кадрларды іріктеу, тәрбиелеу және орналастыруда партиялық принципті бұзып, аудан партия ұйымын басқаруда КПСС Устав талаптарын қатаң сақтамай өрескел кемшіліктер мен олқылықтарға жол бергені үшін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы партиялық жазаға тартылып, қызметінен босатылады.

Облыстық партия комитеті бұл мәселенің Қазақстан Компартиясы Орталық партия комитетінің тікелей

бақылауында екендігін ескеріп, көп талқылаудан кейін Қазалы аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Қаһарман Табынбаевтың кандидатурасын лайықты етіп табады. Сөйтіп ол 1979 жылы аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайланады.

Ауданның жаңа басшысы алғашқы күнінен бастап, жауапкершілікті жете сезініп, Қазақстан Компартиясы Орталық партия комитетінің шешімінде көрсетілген мәселелердің барлығын терең зерттеп, оны жүзеге асырудың жолдарын қарастырады.

Б.Рыстықұлов, А.Айбосынов, К.Тажмағамбетов, О.Бекпанов, К.Ахметов, Б.Нағмановтар үлкен абыройға ие болды.

Кейін олардың барлығы да көрсетілген сенімді ақтады, қызмет бабында жоғарылап, абырой биігіне көтерілді.

Екеуара әңгіме арасында Қаһаң:
– Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласын жетегіне алған, шаруаның қара қазанында жастайынан қайнап піскен, жұмыстың қырық қабат қыры мен сырына қанық, әрдайым желдің өтінде



жүріп, еліне үлкен қайраткерлікпен еңбек еткен Жарылқасын Шариповтің жөні бөлек, еңбегі ерен еді дей келіп, жалпы менің сонау 80-жылдардағы киелі Қазалы ауданында өткізген жарқын, шуақты күндерді өзімнің өмір дерегімдегі айшықты, жемісті жылдарым екен ғой, – деп сағынышпен еске алды.

IV

Қандай қоғамда да біліктің айтқаны екі болмайды. Ол – өмір заңдылығы. Кеңес қоғамындағы партия билігі де осы қағидадан айныған емес. Қаһанды 1983 жылдың аяғында Қармакшы аудандық партия комитетінің бірінші хатшылық лауазымына ауыстырады. Мұнда да Қаһаң үшін қарбалас жұмыстар басталып, аудан абыройын асқартату негізгі мақсат етіп қойылып, ол да өзінің бағалы нәтижелерін берді.

1986 жылдан бастап мамандығына сәйкес, партиялық тапсырмамен облыстық мал тұқымын асылдандыру станциясының директоры қызметіне тағайындалды. Одан соң облыстық тұтыну қоғамы төрағасының орынбасары, дайындау конторасының директоры міндеттерін атқарады. Ең бастысы, қай сала, қай лауазым болса да, Қаһарман Тоғызбайұлы өзіне жүктелген міндетті жұмысты үлкен демей, кіші демей уақыт талабына сай атқарып, абырой биігінен орын алды. Әр дәуірдің өз талабы өз заңдылығы болады. Соған орай сол сыннан сол заманның мемлекеттік қызметінде өзін көрсете білген, елден, халықтан, мемлекеттен тілсті бағасын алған азамат.

Мәселен, оның кеудесіндегі тізілген «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендері мен ондаған медальдары, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасы, Тәуелсіз еліміздің «Ерен еңбегі үшін» медалі, Қазалы және Жалағаш аудандарының «Құрметті азаматы» атағының берілуі, Қазақстан Республикасының ерекше сіңірген еңбегі үшін санаттағы дербес зейнеткер атануының өзі еткен еңбегінің айқын көрінісі емес пе?!

V

Азаматтың халқына кәдірлі болуы, жора-жолдастарының алдында беделді болуы көп жағдайда әйеліне байланысты. Ер азамат жұмыстан қайтқанда үйдің іші де, балдарының үсті-басы да тап-таза болып, әкелеріне еркелей ұмтылып, жұбайы алдынан күлімдеп шығып жылы шыраймен қарсы алса, жігіттің жаны жай тауып, көңілі жадырап қалмай ма?! Демек, отбасында тыныштық орнатып, жолдасының еркін демалуына жағдай туғызу да – әйел адамның міндеті.

Бұлайша сыр шертуімнің басты себебі – Қаһаның жары Ершінің атакты Жіенбай жыраудың ұлы Рүстембек жыраудың қызы екендігін, оның отбасындағы іс-қимылдарынан жоғарыда айтқандарымды айна-қатесіз көргендіктен, «тегіктен текті туады-ау» дегендіктен еді.

«Дүние – бір көшкен керуен» демекші, сол «көш» 2018 жылы Ершіні алып кетеді. Қаһаң болса сыңарынан айырылған ақкулдай болып қалды. Ауырды қара нар көтереді демекші, басқа түскен мұндай ауыртпалық Қаһана онай тимеді. Десе де, өз-өзіне күш беріп, 5 баласы мен 16 немересінен қуат алған, өмірдің қызығын да, қиыншылығын да бір адамдай көрген ол ерлікпен өмір кешуде.

Кездескендер:
– Қаһа қалайсыз?! – десе,
– Жақсымын, – дейді.
Жақсы адамның жақсылығында шек болмайды деп осындай мықтылығын айтса керек.

VI

Осы жоғарыдағы жазбаларға қарап отырып, оның өмір жолы, атқарған қызметі жастарға үлгі-өнеге етіп айтуға тұрарлық екендігіне дәлелдеме айтудың қажеті бола қоймас.

Өмірдің осындай тұстарын еске ала отырып, өткен күндерде белгі көп екен-ау деген, тоқтамға келесіз.

Елге, жерге деген жанашырлықпен еңбек еткен, талай-талай белестерді бастап өткізген ол бүгінде кішілерге ақылшы аға, ағайын-туыстардың қамқоршы басшысы атанып келеді.

Әр заманның, әр қауымның өзіне тән белді, беделді қариясы болады. Оны көпшілік «Ел ағасы» деп айтады. Облыс аумағында осындай атаққа

ие болған Қаһанды үйінен кездестіру оңай шаруа емес. Өйткені оны әрқес әрқилы шаруалармен жүргенін көресіз. Атап айтатын болсақ, бірде қоғамдық жұмыстарды атқарумен жүрсе, енді бірде ағайын-туыс, жора-жолдастардың қуаныштарына басшылық етіп жүргені. Өйтеуір, бос уақыт деген ол кісиде бола бермейді.

– Үлкендікті де халық қалағандай дәрежесінде алып жүрудің өзі оңай шаруа емес екен, – дейді Қаһанмен кездесіп әңгімелескен сәттерде.

Өз замандастарының ішінде, басқаларға қарағанда ол өзінің қарапайымдылығымен, адамдармен тез араласып кететіндігімен, халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жақсы меңгергендігімен, туған жері мен елінің тарихын жетік білетіндігімен ерекшеленеді. Қандай ортада болмасын айтар әңгімесін тура айтатындығымен, күлтектеу деген оған жат екендігімен танылған азамат. Оны кейбір «пысықалардың» ұнатпай қалатын сәттері де болатындығы жасырын емес. Сын айтқанды кім жақсы көрсін, адамның адамы болмаса. Қаһаң әзілге жүйрік, отырыстың сәнін келтіріп, кімді де болса бейжай қалдырмайды.

VII

Әр тұлға жайлы айтылар әңгіменің ауқымы да әр алуан болмақ. Десе де замандасын, туытасын, тұрғыласын туралы сыр шерту, бастан кешірген кейбір оқиғалардың ортақтығы кей жағдайда жүгінді жеңілдететін сияқты. Бұлай деуімнің басты себебі, мен 1966-1968 жылдары Алматы қаласындағы Жоғарғы партия мектебінде оқып жүрген кезімде Қаһаң да осы мектептің тыңдаушысы еді. Осы оқу орнында басталған таныстық одан әрі жалғанып тауып, жолдастығымыз достыққа ұласты.

Менің 1973 жылы желтоқсан айында Жалағаш аудандық партия комитетінің кезекті пленумында аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып сайлануыма Қаһаңның тікелей қатысы болған еді. Ол кезде Қаһаң, Жалағаш аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып жұмыс жасайтын. Ал, мен болсам Арал аудандық партия комитетінде саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі болып қызмет атқаратынмын. Әңгіме жасалып отырылған бөлімнің бастығы Сәду Шадаевтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты оның орнына кадр таңдау мәселесі кезінде Қаһаң сонау Арал ауданындағы менің кандидатурамды қалап, оны сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сұлтан Амановқа айтып, оны көндіріп, облыстық партия комитетінің партиялық ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің орынбасары Анес Өтгеновтің келісімін алып, қорытындысында мен Жалағаш ауданына сөз етіп отырған қызметке ауысып келген болатынмын. Содан бері де артық-кемі жоқ 47 жыл болыпты.

Осы уақыт ішінде біздің Қаһанмен достығымыз туыстыққа ұласты. 1985 жылы менің үлкен балам Саладин Қаһанның үлкен қызы Ләззатқа үйленіп, біздер атам қазақ айтқандай Табынбаевтар әулетімен мың жылдық құда болдық.

Қаһанның сыйласандын жора-жолдастары мен дос-жарандары баршылық.

Адам есейе келе, әсіресе қартайа келе шау тартады. Бұл әркімнің-ақ басында бар жағдай. Ал, Қаһаң болса оған мойынсұынғысы келмейді, қайта үнемі қозғалыс үстінде. Онда менсіңбей немесе басқаша дәлел айтып, шақырған жерге бармау деген болмайды. Ешкімнің де кеуілін қалдырғысы келмейді. Оның көпшілік ортасында сый-құрметке бөленуінің, сөзінің өтімділігінің, ел арасындағы кадрінің барлығының басты сыры бойында жоғарыда айтқанымыздай адамгершілік қасиетінің молдығынан болар. Азаматтығына кір келтірмей, өз тұғырында мың отырған ел ағасы – Қаһана көрер күнініз таусылмасын, әрі шуақты болсын деп тілек білдіреміз.

VIII

Ресей патшалығын мойынсынбаған Жанқожа батыр шыққан, кешегі Кеңес дәуірі кезінде жалындаған жас кайраткер Ғани Мұратбаевты өмірге келтірген Қазалы ауданы мен Қорқыт ата жатқан жер кіндігімен, сүлейлердің сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуовтің отаны – Қармакшы ауданын басқарған Қаһаң, Қаһарман Табынбаев бүгінде қазыналы қария атанып, сексен бестің жалынан ұстаған қалпы ардагерлер қатарына қосылғаннан бері облыстық ардагерлер алқасының мүшесі болып, облыстың қоғамдық өміріне белсенділікпен араласып келе жатқанына жиырма жылдан асыпты.

Осы мерзім ішінде оның берік ұстаған қағидаты:

«Мемлекет мен үшін не берді деп емес, мен мемлекет үшін не бере аламын» деп саясаткер Дж.Кеннеди айтқандай, «өрбір қазақстандық Елбасы тапсырмаларын, өзінің өмірлік жолы мен кәсібіне қатысты бөлігін орындауды азаматтық борышым деп қабылдап, бір кісідей жұмылып іске асырар болса, көк байрағымыздың айбыны мен мемлекетіміздің тұғыры биіктей берер еді» – дегендігі, жас ұрпаққа үлгі тұтар абыз ата екендігін көрсетеді.

Хош, сонымен ой-толғауымды аталарға арнаған ақын Ақтауымтай Бастыгерееваның:

Сендер аспан болсаңдар,
Біздер асқақ қараймыз!
Сендер дастан болсаңдар,
Біз жаттауға жараймыз.

Сендер шыққан шындарға,
Қарап жүрміз жағалап.
Сендер тіккен туларға,
Түсірмеспіз қара дақ, – деген өлең жолдарымен қауыштыра барып, аяқтауды тілге тиек еттім.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының және Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы.

«Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған номиналдық құны 1000 теңгелік ескерткіш банкнот



«Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған номиналы 1000 теңгелік банкнот 2013 жылдың соңында 20 млн дана тиражбен айналысқа шықты.

«Күлтегін» банкнотының қысқаша сипаты



Бет жағы: басымдық берілген түстер – қоңыр және сары. Негізгі бейнелері – «Қазақ Елі» монументі (Нұр-Сұлтан қ.) және «Күлтегін» мүсінінің бөлігі, ұшып келе жатқан көгершіндер, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: ту мен елтаңба.

Сырт жағы: басымдық берілген түс – қоңыр. Негізгі бейнелер – түрік жауынгерлерінің жартастағы бейнелері, түркі жазба ескерткіші.

«Күлтегін» ескерткіш банкноты заңды төлем құралы болып

табылады және айналыста болу мерзімі шектелмеген, бұл банкноттар айналыстан табиғи тозу шамасына қарай алынады.

«Күлтегін» ескерткіш банкнотын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ көрсетулі құны бойынша банк шотына есепке алу және аудару үшін қабылдауға, барлық банктер мен Ұлттық пошта операторы шектеместен ұсастауға және айырбастауға міндетті.

«Күлтегін» ескерткіш банк-

нотын қабылдаудан бас тартқан жағдайларда, кәсіпкерлік субъектілері мен коммерциялық емес ұйымдарға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚК) 206-бабында көзделген шаралар қолданылады.

ӘҚК-ның 206-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында айналыста жүрген, заңды төлем құралы болып табылатын ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын көрсетулі құны бойынша қабылдаудан бас тарту – ескерту жасауға әкеп соғады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап бас тарту – кәсіпкерлік субъектілеріне 5-тен 25 аялық есептік көрсеткішке (бұдан әрі – АЕК) дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

Екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкноттарды қабылдаудан, айырбастаудан және ұсастаудан бас тартуы 50 АЕК мөлшеріндегі айыппұлға әкеп соқтырады.

Осы банкнотты қабылдаудан бас тартылған жағдайда, тиісті шаралар қабылдау үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалына

өтініш жасау қажет. Бейнетіркегім жасауды не банкнотты қабылдаудан бас тартудың жазбаша негіздемесін талап етуді ұсынамыз.

Қосымша ақпарат:

Күлтегін (685-731жж.) – көптеген көшпенді ұлыстарды көк байрақтың астына біріктірген және ұлы көшпенді империяның дәстүрін жалғастыра білген Екінші Түрік Қағанатының саяси және әскери қайраткері. Күлтегінге эпитафия – VIII ғ. түркі руна жазба ескерткіші 1889 жылы Орхон өзенінің жағалауынан (Монғолия) табылған. Ескерткіште құнды тарихи мәліметтер бар және ол лингвистикалық материалдарға бай.

«КҮЛТЕГІН» түркі жазба ескерткішіне арналған қазақстандық ескерткіш банкноты 2014 жылы Халықаралық банкнот қоғамдастығының (International Bank Note Society) нұсқасы бойынша 2013 жылғы озық банкнотқа айналды.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қызылорда филиалы.

ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ

Кейбір ғұламалар адам өмірін жылдың төрт мезгілі іспетті деп санайды. Оның дүниеге келген уақыты – көктемі, есейіп, ер жеткені – жазы, қызметке араласып елге, қоғамға пайдасын тигізген кезеңі – күзі, ал қартайған шағы – қыс мезгілі іспетті деп баяндайды. Бұл жылдың төрт мезгілі арқылы мынандай ақиқатты ұғуға болады. Табиғаттың тіріліп, өрлеп, содан кейін қайта өліп қайта тірілетіні – өмірдің мәңгі еместігінің көрінісі. Кез келген адам бұл төрт мезгілді көре бермеуі де мүмкін дейді. Себебі, ажал ешкімге айтып келмейді. Ғалымдар айтқан бұл төрт мезгілді көрудің өзі – бір ғанибет, Алланың бергені.

Уақыт шіркін тоқтаусыз зымырап барады. Кеше ғана жайрандаған жаз еді, артынан күрөң күз келіп, арты қатал қысқа ұласып жатыр. Тағы да сол суық желтоқсан айы... Өткен желтоқсан айында Сәрсенбайқызы Патыма қажы апамызды ақырғы сапарға, мәңгілік мекеніне шығарып салған едік. Бүгін міне, қырық күн өтіпті.

Өткен өмір, кешегі күн – бүгінгі тарих. Тарих – әр адамның өткен өмірінің айнасы. Қазаққа адам өмірі қамшының сабындай қысқа деген нақыл сөз бар. Сол өмірде адамдар қалай өмір кешті, нені мақсат тұтты, не бітірді, қандай аманат пен өнеге қалдырды. Әңгіме осында.

Біз дүниеге келгенде ананың аялы алақанынан жылу сезінеміз. Ананың мейірімді үні мен махаббатқа толы жүрегі барлық баланы бақытқа бөлейді. Ол анасының құшағында бақытты, анасының жанында өзін еркін сезініп өседі. Алпыс екі тамырды идірген ана махаббаты мына әлемде ерекше құрметті. Сол себепті ана туралы жазылған жыр, айтылған сөздің әрбірі құнды, бағалы. Барлық адам анасы туралы тебіреніп, сағаттап сөйлесе де бұл тақырыптың мәні жоғалмайды!

Ана – тіршіліктің алтын арқауы. Қазақтың ақыл ақыны атанған Мұқағали да: «Анашым! Асыл анам, Елжіреп есіркеймін, Есімде алам. Мен үшін сен сауатқан, Ақ сүтінді, Ақтамасам, боп жүрмін несіне адам», – деп тебіреніп жырлаған екен.

Діні мен иманын бекем ұстанған халқымызда нар тұлғалы аналар аз болмаған.

Құнанбайдың анасы Зерені сөз еткенде, бұл ананың Құнанбайды дәретсіз емізбегендігіне тәңті боламыз. Абайдың анасы Ұлжан, Шәкәрімнің әжесі Күнке, анасы Төлебике де, Шоқаннның әжесі Айғаным да ақыл мен парасаттың падишалары іспетті. Тұла бойынан тектіліктің, тәрбиенің ізі анық байқалады. Тарихта Төле бидің алдын кесіп өтпеген Данагүлдей ақылды қыздың кейін Төле биге адал келін әр істі байыппен шешетін бір сөзді, шешен тілді болғандығын білеміз. Отбасының ұйытқысы, ерінің ақылшысы, өскелең ұрпақтың үлгілі анасы бола білген ауялы әйел-аналарға ислам діні «Жұмақ – ананың табанының астында» деген пайғамбар хадисі негізінде мәртебе беріп сүйіншіледі.

Жазушы Ғабит Мүсірепов: «Ана алдында өлім де мойынұсынады» деген екен. Игі ұрпақ өсірумен қатар, ел еңсесін көтеруде өз үлестерін қосқан қайсар қазақтың аналары қандай құрметке де лайықты.

Өмір жолы ізгілікке толы аналардың жалғасы, парасаттың падишасындай болған Сәрсенбайқызы Патыма данағөй анамыз болды. Ол парасат пайымы мен ізеті арқылы көпшілікке таныс, әулетке сыйлы, балаларына ақыл көзі бола білді. Жары Туғанбек көкемізбен бірге өмірдің барлық тауқыметін қатар көріп, маңдай термен балаларын білімді азамат етіп өсірді. Қиналғанға қолұшын созу, жабырқағанды жұбату екеуінің қанына сіңген қасиет дерсін. Талай ағайын мен ауылдасты демеп, адамгершілік танытқандығына ел күе. Бүгінде ел Туғанбектен тараған Сүйінтаевтар отбасын үлгі тұтады. Себебі Туғанбек



көкеміз бен Патыма апамыздың ғасырға жуық өмірі адалдық пен тазалыққа негізделді.

Мәуелі бәйтеректей тамыры кеңге жайылған әулетке қарап жанына сая табасың. Сүйіншілді Туғанбек кедейге дәулет, кері кеткенге ар-ұят жайлы баяндап, үнемі дұрыс бағыт көрсетіп отырушы еді. Сөзі байсалды, ісі тиянақты ерекше мейірбан жан болатын. Келелі сөз бен кесімді ой әрдайым иесін тауып отыратын. Көп ішінде көсем, шешіліп сөйлегенде шешен бола білген данағөй қарт соңына жақсы іс қалдырып кетті.

Туғанбек көкем мен Патыма апамнан төрт ұл, бес қыз дүниеге келген. Олардың екеуі бақилық болған. Балаларын жақсы тәрбиелеп өсіргеннің нәтижесінде бүгінде білікті маман әрі өз кәсіптерінің иесі. Жырымдан астам немере сүйіп, шөберенің қолынан су ішкен екеуі де бүгінде Алланың құзырына кеткен.

Марқұм көкем мен апамды ес білгелі білемін. Отбасында талай мәрте қонақта болып қолынан дәм татып, дастархан басында әңгімесіне қанық болдым. Елге келген сайын сөлем беріп, ақ баталарын алушы едім. Өмірінің соңына

дейін аялы алақанынан жылылық сезіндірген Патыма апамыз тәрбие мен тәлім туралы терең ой қозғағанда жүзінен нұр төгіліп, ерекше көсілетін. Көргені мен көкірегіне түйгені мол апамыз дін төңірегінде сөйлей алатын білімге ие еді. Қашан көрсен аңқылдап, аузынан Алласы, қолынан тәс-бісі түспейтін. Одан пейілі дархан анаға ғана тән көріністі көретін едім.

Бүгінде ағайынға сыйлы, адамгершілік қасиеті мол Патыма апамыздың орны ойсырап қалды. Өзімізді өнеге тыңдаудан тыс қалғандай сезінеміз... Десе де, ардақты анаға сәлем беруге барған әрбір күніміз жып-жылы естелік. Әрбір естігеніміз көңілімізде алтын сандықта сақталған сыр сынды бағаға ие. Апамыз ақ тілегін ақтарғанда көмейінен сағаттап дұғалар төгілетіндей еді... Шынайылықты соншалықты, қазір сол батағөй ананың ақ батасын аңсап тұрамыз. Бақұл бол, Патыма ана! Жаныңыз жұмақта шалқысын. Сіздің мағыналы сөзіңіз бен ісіңіз біздің көңілімізде сақталады.

Тұрар ТҮТЕЛҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан қаласы.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 21 қаңтардағы №145 қаулысы

«Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі №584 қаулысына толықтыру енгізу туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 17-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі №584 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

17-тармақ мынадай мазмұндағы 45-1) тармақшамен толықтырылсын:

«45-1) ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық

сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына әлеуметтік қолдау бойынша бюджеттік бағдармаларды іске асыру барысында аудандардың және қалалардың уәкілетті органдарының жұмыстарын үйлестіру және мониторингін жүргізу»;

2. «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
Қ. Ысқақов.

Өткен жылы Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 30 жыл толды. Мәліметтерге сүйенсек, сол соғысқа Қазақстаннан 22 мың адам қатысқан. Олардың мыңға жуығы соғыстан оралмады.

Ауған соғысынан аман оралған еді...

Осынау өмірде әрбір адам үшін туыс-бауырдың, дос-жаран сияқты жақын адамдардың орны ерекше. Сондықтан олар дүниеден өтіп кетсе де, жүректің төріне орнығып қалған жарқын бейнесі, жақсы естеліктері ұмытылмайды. Осындай қадірлі досымыздың бірі, он жыл бірге оқып, жастық шақтың жалынды күндерін бірге өткізген Бекарыстан Бекмағанбетов еді.

Бекарыстан Қараманұлы 1962 жылы қазіргі Ж.Махамбетов ауылында туып-өсті. Осы ауылдағы №143 орта мектепті бітірген. Бала кезінен салмақты мінез, саналы тәрбиесімен қатарластары арасында сыйы мол болатын. Орта мектепті бітіргеннен кейін әскер қатарына шақырылып, ол жақтан кеңес жауынгерлерінің қатарында Ауған соғысына қатысты. Жиырма жасқа толар-толмас шағында қатерге басын тігіп, майданның ортасында болды. Өзі қатарлы жастардың біразы осы соғыста қыршын кетті. Небір ауыр да азапты оқиғаларды көргенде жаны түршігіп, бойын ыза кернейтін. Сондықтан соғыс майданында қайсарлығы мен табандылығын көрсете білді. Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, 1983 жылы елге оралды. Бойындағы адалдығы мен азаматтық болмысының арқасында қиын да қауіпті сындардан аман өтті. Абырой, атағы еленіп, лайықты марапаттарға ие болды.

Бекарыстанның қажырлы, қайратты азамат болып қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің ықпалы зор. Атап айтар болсақ, әкесі Қараман Бекмағанбетов бірнеше рет “Социалистік жарытың жеңімпазы” атанып, КСРО Жоғарғы Кеңесі президиу-



мының жарлығымен “Құрмет белгісі” орденін, бірнеше мерекелік медальді иеленген. Анасы Балайым Оспанқызы болса, қоғамдық жұмыста абыройға бөленген жан еді. Он бала өмірге әкеліп, өсірген “Батыр ана” болатын. Осындай ата-анадан тәрбие алған жігіттің мақсаты айқын, арманы биік еді. Ауған соғысынан оралған соң Мәриям есімді бойжеткенмен шаңырақ көтеріп, балалы-шағалы болды. Бірақ сол бір соғыстың зардабынан денсаулығы сыр беріп, отызға жетпей өмірден өтіп кете берді.

“Орында бар оналар” деген, бүгінде артында қалған жары Мәриям қажырлылық танытып, балаларын жұмылдырып, отырған үйін қайта салды. Бүгінде балалары өмірден өз жолдарын тапқан.

Ауылдастары, майдандас достары ардақты азамат, Ауған соғысының ардагері Бекарыстан Бекмағанбетовтің есімін есте қалдыру мақсатында туып-өскен жері – Ж.Махамбетов ауылының бір көшесіне есімі берілсе, игілікті іс болар еді деген ұсынысын алға тартады.

Қадыр ӘМЗЕЕВ,
мұғалім.

Тілсіз жаудан құтқарды

Қызылорда аумағынан өтетін «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автомагистралында өткен жылы автокөліктердегі өрт оқиғалары көп тіркелді. Оның басым бөлігі – транзиттік автокөліктер. Мамандардың болжамына сүйенсек, көлік құралдарындағы тілсіз жаудың негізгі себептерінің бірі, ол – өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы. Осындай олқылықтар салдарынан бүгінде тағы бір жүк көлік тіркемесіндегі мақта өртке оранды.

Оқиға осы жылдың 22 қаңтар күні сағат 18:00 шамасында күре жолдың 1814 шақырымындағы «ІПМК-66» саяжайы маңында Қырғызстан Республикасынан Мәскеу қаласына бағыт алған «Renault Magnum» маркалы жүк автокөлігінде жалпы саны 94 дана престелген мақтаның жанып жатқандығы жөнінде «112» құтқару қызметіне хабар түскен.

Өрт оқиғасының басына жеткен өрт сөндірушілер барлау жұмыстарын жүргізіп, жанып жатқан 94 дана престелген мақтаны оқшаулауға кірісіп кетті. Осылайша, өрт сөндірушілер жылдам әрі нақты іс-қимылдарының нәтижесінде 47 дана престелген мақтаны аман сақтап қалды. Өрт оқиғасы 34 минутта оқшауланып, сағат 19:27-де І «Б» оқпанын пайдалану арқылы толығымен сөндірілді.

Өртті сөндіруге №4 Өрт сөндіру бөлімінен 9 қызметкер, 2 бірлік техника жұмылдырылды. Өрт салдарынан зардап шеккендер мен қаза болғандар жоқ. Қазіргі уақытта өрттің шығу себебі мен шығыны анықталуда.

Қызылорда облысы ТЖД өрт сөндіру және авариялық құтқару қызметі.

Көңілден өшпейді нұрлы бейнеңіз

Өткен жылдың 27 шілдесінде әулетіміздің ақ жаулықты анасы, аяулы жар Нұрәділқызы Нәзіпа дүниеден озған еді.

Шаңырағымыздың берекесі болған аяулы жанның артында ұрпағы бар. Ақжарқын, кішіпейіл мінезімен ағайын-туыстың қадірлісі болған анамызды еске алып құран бағыштаудамыз. Оқылған құран аяттары қабіріңізді нұрландырып, иманыңыз жолдас болсын дейміз. Шексіз қамқорлығымен жүрегімізге ұялаған аяулы жар, асыл анамыздың жарқын бейнесі ұмытылмақ емес.

Бақұл бол, құдай қосқан қосағын-ай, Иманды сауаптарың жолдас болғай. Қабылдап періштелер тілегімді, Пейішті нәсіп етсін панаң құдай.

Қараймын суретіңе толғанамын, Өмірді бірге өткізген еске аламын. Екеуміз қол ұстасып өткен күнге,



Қызығы тең келмейді бар ғаламның.

Алтынсың шуағың мол ардақты ана, Артында қалды үш қыз, жалғыз бала. Жәңнеттан орын бер деп анамызға, Жалынып жалбарында жаратқанға.

Еске алушылар: **жұбайы Ерсұлтан Төребекулы, ұл-қыздары, немере-шөберелері.**

Нұрлансын аяттармен қабіріңіз

Кеше ғана арамызда жүрген ақжарқын бауырымыз, ардақты әке, асыл жар Бақытбек Садықұлының фәниден озғанына жүз күн болды.

Бақытбек Садықұлы 1951 жылдың 27 маусымында Жалағаш ауданы Ақарық ауылында дүниеге келген. Алматы қаласындағы Ауылшаруашылық институтын бітірген. Еңбек жолын Ақарық ауылында есепшіліктен бастап, директор орынбасары, өндіріс бригадирі, кәсіподақ ұйымының төрағасы, “Аламекек” шаруашылығының директоры, бас агроном болып абыройлы қызметтер атқарып, 2014 жылы құрметті зейнет демалысына шықты.

Ардақты бауырымыз әке орнына әке, ана орнына ана болып сырласып, ақылын айтып отыратын. Ағайын-туыстың алғысына, елдің ыстық ықыласына бөленіп, қолынан келгенше қамқорлығын аямалы. Жәңгеміз Рахиямен бір шаңырақ астында мағыналы ғұмыр кешіп, өмірге он бір бала әкелді. Балаларына бойындағы бар асыл қасиетін, текті тәрбиесін беріп, жоғары оқу орнын ақытып, дүниеге бір кірпіш болып қалатты. Ұлды ұяға, қызды қияға



қондырып, немере сүйді. Адам баласы өмірдің қызығына тойған ба? Шүкір ғой, артында өмірінің жалғасы балапандары бар, тәубе дейшік. Күннің нұрындай сәуле шашып, ақыл-парасатымен, шексіз қамқорлығымен жүрегімізге ұялаған жарқын бейнесі ұмытылмақ емес. Ардақты жанның фәниден өткенін еске алып, құран бағыштап отырмыз. Оқылған құран аяттары қабірін нұрландырып, иманы жолдас болсын.

Еске алушылар **Садықовтар әулеті, бауырлары.**

■ ҮЛГІ БОЛҒАН ІСІМЕН

ЖАҚСЫЛЫҚҚА ҮНДЕУШІ

Оның теңізді өлкеде мұғалім болып тер төккеніне отыз жылға жуық уақыт болыпты. Нақтысы керек десеніз, 28 жыл. Республиканы қайдам, облыстың өзінен тым шеткері жатқан Аралдың қазақы ұл-қызына орыс тілін үйретуде Жаннаның үлесі көп. Құмда туған көп қарадомалақтың өзге аймақта, үлкен қалаларда, тіпті, Ресейге оқуға кеткенде де өзге тілде тосылмай сөйлесе, Жанна сияқты аралдық мұғалімдердің арқасы деп айтамыз.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Н.Крупская атындағы №14 мектеп-лицейінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жанна Қонарованың шәкірт тәрбиелеудегі еңбегі елеулі. Былтыр ғана Білім және ғылым министрі А.Аймағанбетовтің қолынан «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісін алды.

– 1968 жылы Аралдағы қарапайым отбасында дүниеге келдім. Есімімді атақты Жанна^а Арқтың құрметіне қойған екен. Ата-анамның айтуы бойынша бала күнімнен мұғалім кейпіне еніп, сабақ беруді ұнатыппын. Сүйікті ойыным болыпты. Себебі, анам өмір бойы балабақшада еңбек еткен, екі үлкен әпкем де мұғалім болған. Ал, бастауыш сыныптан бастап мұғалім мамандығына деген құштарлықты Татьяна Гордеева мен Гүлнұр Уәлиева ұстаздарым арттырды. Мектепті аяқтай салысымен филология факультетін таңдағанымда да ешкім таңданбады, – дейді ол.

Жанна Құспанғалиқызы оқушыларға дәріс беруден бөлек, мектеп-лицей дирек-



торының оқу ісі жөніндегі орынбасары. Іскерлігі мен біліктілігінің арқасында ұжымның беделін көтеруге атсалысуда.

– Біз еңбек жолын бірге бастадық. Қай жерде білімге қатысты жаңалық, балаға маңызды түрлі шаралар болсын, сол жерден Жаннаны табасыз. Шәкірттерін жақсы көреді, оқушылары да қатты құрметтейді. Әлі есімде, Мереке Сағындыкова, Гаухар

Тәжиева, бүгінде зейнеткер Наталья Мироуц, Жанна және мен қатар оқитын сыныптарға жетекшілік жасадық. Сол кездері әртүрлі аудандық, облыстық сайыстарға оқушыларды қатыстыру, олардың бос уақытын болдырмау жағында үнемі алда тұратынбыз. Оқушылардың досы, жас мұғалімдердің жанашыры, әріптестерін кәсіби тұрғыдан қолдайтын осындай мықты маман көпке үлгі, – дейді әріптесі әрі бүгінде аудандық білім бөлімінің басшысы қызметін атқаратын Санира Жанназарова.

Оның оқушылары жылда өтетін аудандық, облыстық пәндік олимпиадаларда жеңімпаз атанып жүр. Шығармашылығымен облыс, республика көлеміне танымал ұстаз. Жыл сайын ұйымдастырылатын «Тәжірибе алаңында» өзінің тың идеялары және инновациялық бағыттағы жұмыстарымен ерекшеленіп, көптеген марапаттарға ие болған. «Тәжірибе алаңының» 10 жылдығына арналған «Ең үздік шығармашыл мұғалім» мерейтойлық медалінің иегері. 2012-2013 оқу жылында облыс әкімінің білім беру саласы қызметкерлеріне тағайындаған 1 миллион теңге сыйақысын алды. Білім саласындағы жемісті еңбегі үшін «Шапағат» медалімен марапатталған, Білім беру ісінің үздігі. Бұл – Жаннаның жетістігінің бір парасы ғана.

Құттықтау

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі Гүлзат Шәкірбекқызы Асқароваға

Құрметті Гүлзат Шәкірбекқызы, сізді адам ғұмырының шуақты шағы 50 жасқа толған мерейімен мерекелік құттықтаймыз!

Сіз бүгінгі білікті маман, тәжірибелі ұстаз атанған абырой мен беделге тосыннан келген жан емессіз. Амангелді батыр атын иеленген ауылда туып, киелі топырақтан қуат алып, атыңызды еліміздің білім саласына белгілі еткен ең алдымен ерінбейтін еңбекке кештігіңіз, сосын ғылыми сүйген кемел болмысыңыз деп білеміз.

Сіз Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің физика факультетін бітіріп шығып, Ы.Жақаев атындағы Қызылорда агроөнеркәсіптік өндіріс инженерлері институтында, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде қызмет еттіңіз. «Түсті металлургия өндірістерінің қоршаған ортаға әсерлерін электронды-сауалдік технология негізінде зиянсыздандыруды зерттеу» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап шықтыңыз. Бүгінгі күні Қызылордадағы білім қарашаның рағында табысты қызмет атқарып отырсыз. Сіздің қолыңыздан қанаттанған балапан құстай болып, қаншама жас өрендер ғылыми жобалар қорғап, білім қиясына шарықтап шықты.

Бұдан басқа жұмыстарыңызды айта берсек, атанға жүк боларлық. Экологиялық мәселелерді зерттеуге арналған 90-ға тарта ғылыми мақалалар жаздыңыз. 1 монографиялық еңбектің, 1 оқу құралының авторы атандыңыз. Осындай икеммен құдық қазғанды еңбегіңізбен «Алты Алаш бас қосса, төр – ұстаздық» деген қағиданы дәлелдеген біріккен беделіңіз өзіңнен кейінгі жас мамандарға әміс үлгі, өрнекті өнеге болып келе жатыр.

Құрметті Гүлзат Шәкірбекқызы, еңбегіңіздің мәуелі жемісін тере беріңіз, өмірдің барша қызығын көре беріңіз. Отбасы бақытын, ұжым шатығын, қызмет қызығын тілейміз. Мерейлі мереке күңгі ақ ниетпен айтармыз – осы.

Құттықтаушы: Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Математика және қолданбалы механика» кафедрасының ұжымы.

Лицензия №15019408 02.11.2015жс.
Жамбыл облысының ДСБ берілді

«Оптимед» көз хирургия орталығы» ЖШС

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-тың Жамбыл облысы бойынша филиалымен

№ С-06-0120-00094-О «31» желтоқсан 2019 жылға кепілдікті көлемдегі тегін медициналық қызмет көрсетуге төмендегі медициналық көмек түрі бойынша келісімшарт жасасқандығын хабарлайды:

катарактаны

(көзді шел басу) фактоэмульсификация әдісімен ИОЛ алмастыру (ота жасау тегін)

Мекен-жайы: Тараз қ., Абай даңғылы, 277

+ 7 700 540 54 53

(қоңырау шалу және хаттар 9.00-ден 18.00-ге дейін)

■ МИРАС

АТАДАН ДАРЫҒАН ӨНЕР



Бірір жыл бұрын қызылордалық зергер Бекзат Жақыповтың үйінде болдық. Он саусақтан туған туындылар көздің жауын алады. Бекенің қолынан шыққан батырдың сауыт-сайманы мен бес қаруы құйқанды шымырлатып, бабалардың асқақ рухын паш етіп тұрғандай. Одан өзге ат әбзелдері мен сәндік әшекей бұйымдардың да орны бөлек. Біршама дүниесі мұражайда сақтаулы.

Дәулет ҚЫРБАН.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.

Универсам аумағындағы шағын дүңгіршекте зергерлік бұйымдарды жөндейтін шебердің осынша мол дүниесі барын бір көргеннен байқай алмайсыз. Бойындағы ұсталық дарыны арғы атасынан қонған деседі. Өмірге келе сала «ұста бала» атанған оның ерекшелігі де осында.

– Мен дүние есігін ашпай жатып әкем «Бұл менің емес, Өтеуілдің баласы» деп ұста бала атаған. Осылайша қолыма сайманды ерте кезден ұстадым. Әкемді аға деп өстім, ол кісі мен не жасасам да мақтап, қолдау көрсететін. Содан менің ұсталық өнерге бейімдігім артты. Бастауыш сыныпта сурет салуға қабілетім ерекше болды. Мектеп бітірген соң арман қуып Алматыға аттанып, суретші-зергер мамандығында білім алдым, – дейді Бекзат Өнесұлы.

Үлкен атасы атақты ұста болған. Үш жүздің пірі – Марал бабаның ұрпағы. Ал арғы атасы Нечасарының қасында жаумен айқасқан.

– Сондықтан батырдың бес қаруын жасамасам, өзіме сын болар еді... Бес қаруды «Шабьт» фестиваліне апардым. Оны жасауға төрт ай уақытымды жұмсадым. Одан

бұрын «Көшпенділер» фильміне бірге оқыған жігіттің өтінішімен ер-тоқым, дулығаларды жасап берген едім. Содан кейін өзіме бес қару жасауды алдыма мақсат қылғандағым ғой. Қылышты «КамАЗ»-дың рессорынан жасалдым. Анау-мынау ағашты шауып түседі, нағыз соғыс қаруы. Одан кейін 20-30 қылыш жасағанмын, бірде-біреуі сол қылыштай болмады. Өйткені, материал бөлек болатын, – дейді Бекзат шебер.

Бұл күнде Бекен жасаған бес қарудың түр-түрі Ақтөбе облысындағы, Қармақшы, Сырдария аудандары мен облыс орталығындағы мұражайда келушілердің көзінің жауын алып тұр. Ал Өтеуілден бері ұрпақтан-ұрпаққа тараған бір дорба саймандан қазір көрік қана қалды. Көненің көзі Бекеннің шеберханасында.

1993 жылдан бері талай фестивальға қатысып келеді. Топ жарған сәттері де аз емес. «Жігер» фестивалінде де болды. Сан мәрте халықаралық байқаулардың бас бөйгесін қанжығасына байлады. Түптеп келгенде, ұлттық иіс анқып тұратын туындылары қазақтың ұлылығын танытып, үлгі болып

тұрды. Қазір ағаштан бұйым жасайды, темірден түйін түйеді, тері илеп, оны да бұйымға қолданады.

– Тері илеу – өте қиын. Технологиясы ауыр. Мен оны 6-7 жыл зерттедім, – дейді шебер және бір сөзінде. Қобыз жасағанда қолдандым теріні. Негізгі ұста үшін балғаның салмағы қолға келу керек. Балға – ұста қолының жалғасы. Соққанда сезіп отыруың керек. Отыз жылдан бері үйреншікті әдетім болған соң металды сезетін болдым. Сезініп істеген ісіңнен ләззат аласың, әйтпегенде мықты маман болуың неғайбыл.

Үшінші ұлымының зергерлік өнерге беймі өте жоғары. Қазір он бір жаста. Күмістен алқа жасайды. Алдыңғы екеуіне мамандық таңдауға мүмкіндік бергенмін. Үшінші ұлым жолымды қуады деп отырмын.

Атадан балаға мирас боп қалған ұлттық құндылық ұлылығымызды аскақтатып тұр. Әрбір жасаған бұйымнан бір ерекшелік байқайсыз. Шебер Бекзаттың өз ісіне деген зор махаббатына разы болып тарқастық. Өне, ол тапсырыспен тағы бір жүзік жасауға кірісіп кетті. Пәлі-ай...

ПРОСТАТИТ, АДЕНОМА, НЕСЕП ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫ, БЕЛСІЗДІК?! КӨМЕК ЖАНЫҒЫЗДА!

Простатит, қуықасты безінің аденомасы, несеп шығару қызметінің бұзылуы, эректильді дисфункциясы орта есеппен әр үшінші ер адамда кездеседі. Бұл ауру көбінесе жас үлгіған кезде, ағзаның қорғаныш қасиеті әлсірегенде, гормондық теңгерім бұзылғанда, несеп шығару жүйесі мүшелерінің регенерациялануы нашарлағанда белгі алады.

Простатит және қуықасты безі аденомасы жеке-ақ, екеуі бір мезгілде де қатар жүре алады. Бұл екі ауру әртүрлі себептерден пайда болады, бірақ ұқсас асқынұларға әкеліп соғады. Оның себебі мынада.

Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұқпалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық тиізуге, кіші жамбас мүшелеріндегі қан айналымының бұзылуына, сирек немесе бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуге байланысты болады. Қуықасты безі қабынып, ісініп, осы арқылы өтетін несеп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тежеліп, дәретханаға барғысы келушіледі. Мұның бәрінен ыңғайсыздық пен шап бөлігіндегі ауырсынуға ұласады. Уақыт өте келе жыныстық қызметтің бұзылуы, жыныстық әлсіздік пайда болады.

Қуықасты безінің аденомасы гормоналды бұзылулар нәтижесінде пайда болады. Ерлер гормоны – тестостеронның азаюы және ағзада эстроген – әйел гормонының артуы қуықасты безінің ісінуіне ұшыратады. Ол, өз кезегінде, простатит сияқты зәр шығарудың ұқсас ауытқуларын тудырып, несеп жолы арнасын қысады, жыныстық бұзылуы және әртүрлі сипаттағы ауырсынулар тудырады.

Еңбегімен жарадайда, бұл аурулар асқынып, атадан басқа ем-шара көмектесе алмайтын, қайтыссыз сипат қабылдауы мүмкін. Сондықтан, сіз несеп-жыныс жүйесінің жұмысында мұндай ауытқуларға тап болсаңыз, тез арада маманнан көмек сұраныңыз.

Осы урологиялық ауруларды емдеу үшін біз көптеген дәрілер мен ем-шараларға қарағанда, ауру белгілерін алып қана қоймай, несеп-жыныс

жүйесінің мүшелерін әртүрлі аурулардан жылдар бойы сенімді қорғай алатын, дерттің түпкі себебін жоятын, «Уропротектор» препаратын пайдалануды ұсынамыз.

Бұл – кешенді препарат. Оның әсері қабынуды және қуықасты безінің ісінуін жоюға, несеп-жыныс жүйесінен ауру тудыратын бактерияларды шығаруға, зәр айдауды қалыпқа келтіруге бағытталған.

«Уропротектор» препаратын қолданудың бірінші сәтисінде-ақ ыңғайсыздық, шап аймағындағы ауырсыну, үрпі арнасындағы шаңшу жоғалады. Одан әрі кіші жамбас мүшелерінде қан айналымы жақсарыды, қуықасты безі мен қуықтың ішкімділігі қалпына келтіріледі, бұдан кейін олар өз қызметтерін толық орындай бастайды. Сондай-ақ, препарат гормоналды тепе-теңдікті қалпына келтіре отырып, еркектердің басты гормоны – тестостерон өндірісін ынталандырады. Осының есебінен, қуықасты безі аденомасының дамуын тойтарыды және эрекцияны күшейтеді.

«Уропротектор» – простатит, қуықасты аденомасы, зәр шығарудың бұзылуы, эректильді дисфункциясын емдеуде жақсы сипаттамаларға ие болды. Сонымен қатар, «Уропротектор» компоненттері, ағзадағы бос радикалдардың санын тиімді түрде төмендетеді, сол арқылы простата обырының пайда болуы мен дамуынан қорғайды.

Тұрасын айтқанда, бұл ерлердің көптеген урологиялық проблемаларына көмектесетін құрамты құрал!

Препарат барлық қажетті сынақтардан өтіп, отандық және халықаралық сертификаттармен мақұлданды. Кез келген жаста салауатты, белсенді жыныстық өмірден бас тартпаңыз!


Мына телефон арқылы кеңес ала аласыз және «Уропротекторға» тапсырыс бере аласыз: 8 727 321 22 92 немесе uroprotector.kz сайты арқылы.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ!
«УРОПРОТЕКТОР» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА
ТАПСЫРЫС БЕРСЕНІЗ, -30% ЖЕҢІЛДІК!**



Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді. Мөлшері және қолдану тәсілі: қабылдау уақытығы 1 айдан бастап. Қарсы көрсеткіштер: жеке құрауыштарының сәйкес келмеуі.

**EGOV БҮРЫШЫ
Заңды тұлғалар үшін
ЭЦҚ алу**



ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) – бұл электрондық құжатқа қол қойған және мермен бекітілген қағаз жеткізілетін құжат сияқты, зан күшін беру үшін пайдаланылатын өзі қойған қолының аналогиясы.

ЭЦҚ алуға өткізілді КР УКО сайының арнайы бөлімі арқылы онлайн режимінде беруге болады. Өткізілді құжаттың мақсатына дұрыс компьютерден беру ұсыналады.

Ең алдымен eki.gov.kz сайтындағы «Заңды тұлғалар үшін ЭЦҚ алу» бөліміне кіресіз.

Оған кейін мерекесіңіз көрсете отырып, қажетті КР УКО тіркеу куәліктерінің үлгісін таңдауыңыз қажет. (Оң мекенімен бірінші басшысы, қол қою құқығы бар жұмыскер немесе қаржылы құжаттарға қол қою құқығы бар қызметкер және т.б. болуы мүмкін).

Онлайн-өткізілді бергеннен кейін сізге осы растау үшін УКО-ға беру қажет. Өткізілген бірге жеке куәлігіңіз, уәкілетті тұлғаның растайтын құжаттары мен басшы шығарылған өтінім болуы қажет. Тексергеннен кейін оператор растауды жасады және сіз ЭЦҚ өз компьютеріңізге жүктеліп, онан өз паролыңыз орната аласыз.

point right:Міне, енді сіз электрондық үйімет порталымен жұмысты бастай аласыз.

ЭЦҚ пайдалана отырып заңды тұлғалар келесідей артықшылықтарға қол жеткізеді:

«Электрондық суау-саттыққа қатысу»

«Жеке қатысушысыз банктік операцияларды орындау»

«Жеке қатысушысыз электронды есептерді тапсыру»

«Компанияны қанымсызды басқару және т.б.

ЭЦҚ-ны түрлі ақпарат жеткізілгеніне сақтауға болады, бірақ бұл ретте ол бөтен қолға түсетуін жауапкершіліктен қалғызға қалат.

«exclamation» ЭЦҚ-ның қолданыс мерзімі 1 жыл, бірақ пайдаланушы оны электронды порталда мерзімі өткізетін тұрғы тара бір жылға ұзарту алады.

	www.facebook.com/syrboyi.kz/		https://twitter.com/syrboyi		www.instagram.com/syrboyikz
Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі					
БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)					
БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)					
Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)					
Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)					
Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ” - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.					
Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС-де баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.					
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 28726 Тапсырыс №109 Кезекші редактор Шынар БЕКБАН.					